



сенімді | надежное  
сақтандыру | страхование

**«МҰНАЙ САҚТАНДЫРУ КОМПАНИЯСЫ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМ**

Заңды мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Алмағұл ықшам ауданы 15 А,  
Телефон: (727) 258-18-00/01/02, 2258 ұялы байланыс операторлары үшін тегін желісі

**ШЕТЕЛГЕ ШЫҒАТЫН ТҰЛҒАЛАРДЫҢ  
ШЫҒЫНДАРЫН  
ЕРІКТІ КЕШЕНДІ САҚТАНДЫРУ  
ЕРЕЖЕЛЕРІ**

«Мұнай сақтандыру компаниясы» АҚ  
Директорлар Кеңесімен бекітілді

хаттама № 02-01/09 «4» Наурыз 2021 ЖЫЛ

Күшіне енуі «9» Наурыз 2021 ЖЫЛ

МАЗМҰНЫ:

1 БӨЛІМ. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР	2
1 бап. Терминдер мен анықтамалар.	2
2 бап. Сақтандыру аумағы және Шарттың қолданылу мерзімі.	3
3 бап. Сақтандыру сыйлықақысы және оны төлеу тәртібі	5
4 бап. Шартты жасау тәртібі	5
5 бап. Тараптардың құқықтары мен міндеттері	6
6 бап. Сақтандыру жағдайларынан жалпы ерекшеліктер және сақтандыруды шектеулер	8
7 бап. Сақтандыру шарты өзгерту және тоқтату шарттары	9
8 бап. Суброгация	10
9 бап. Форс – мажор	10
10 бап. Дауларды шешу тәртібі	10
11 бап. Ерекше шарттар	10
2 БӨЛІМ. ШЕТЕЛГЕ ШЫҒУ КЕЗІНДЕ АЗАМАТТАРДЫҢ МЕДИЦИНАЛЫҚ ЖӘНЕ МЕДИЦИНАЛЫҚ- КӨЛІК ШЫҒЫҢДАРЫН САҚТАНДЫРУ	10
1 бап. Сақтандыру объектісі	11
2 бап. Сақтандыру жағдайы, сақтандыру сомасын анықтау тәртібі	11
3 бап. 2 Бөлім бойынша сақтандыру жағдайларынан ерекшеліктер. Сақтандыруды шектеу.	
4-бап. Сақтандыру жағдайының белгілеріне ие оқиғалардың басталуы кезіндегі Сақтанушының/ Сақтандырылушының әрекеттері.	15
5 бап. Сақтандыру жағдайының басталғанын және залал мөлшерін растайтын құжаттардың тізімі	16
6 бап. Сақтандыру төлемін жүзеге асыру тәртібі, шарттары және мерзімі	16
7 бап. Сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тарту	17
3 БӨЛІМ. ЖОЛ ЖҮГІН САҚТАНДЫРУ	17
1 бап. Сақтандыру объектісі	17
2 бап. Сақтандыру жағдайы	17
3 бап. Сақтандыру сомаларын анықтау тәртібі	18
4 бап. 3 Бөлім бойынша сақтандыру жағдайларынан ерекшеліктер. Сақтандыруды шектеу	18
5 бап. Сақтандыру жағдайының белгілеріне ие оқиғаның басталуы кезіндегі Сақтанушының/ Сақтандырылушының әрекеттері.	18
6 бап. Сақтандыру жағдайының басталуын және залал мөлшерін растайтын құжаттардың тізімі	18
7 бап. Сақтандыру төлемін жүзеге асыру тәртібі, шарттары және мерзімі	19
4 БӨЛІМ. ШЕТЕЛГЕ ЖОЛ ЖҮРҮДІ KEЙІНГЕ ҚАЛДЫРУМЕН БАЙЛАНЫСТЫ ШЫҒЫҢДАРДЫ САҚТАНДЫРУ.	19
1 бап. Сақтандыру объектісі	19
2 бап. Сақтандыру жағдайы	19
3 бап. Сақтандыру сомаларын анықтау тәртібі	20
4 бап. Сақтандыру жағдайларынан ерекшеліктер және сақтандыруды шектеу.	20
5 бап. Сақтандыру жағдайының белгілеріне ие оқиғаның басталуы кезіндегі Сақтанушының/ Сақтандырылушының әрекеттері	20
6 бап. Сақтандыру жағдайының басталуын және залал мөлшерін растайтын құжаттардың тізімі	20
7 бап. Сақтандыру төлемін жүзеге асыру тәртібі мен шарттары	21
5 БӨЛІМ. ШЕТЕЛДЕ БОЛУ УАҚЫТЫНДА САҚТАНУШЫНЫҢ (САҚТАНДЫРЫЛУШЫНЫҢ) АЗАМАТТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІГІН САҚТАНДЫРУ	21
1 бап. Сақтандыру объектісі	21
2 бап. Сақтандыру жағдайы	21
3 бап. Сақтандыру сомаларын анықтау тәртібі.	21
4 бап. Сақтандыру қорғау бойынша ерекшеліктер.	22
5 бап. Сақтандыру жағдайының белгісі бар оқиғалардың басталуы кезіндегі Тараптардың әрекеттері... Сақтандыру төлемін жүзеге асыру тәртібі	23
6 БӨЛІМ. ТӨЛҚҰЖАТТЫ ЖОҒАЛТУ НЕМЕСЕ ҰРЛАТУ ЖАҒДАЙЫНА САҚТАНДЫРУ	23
1 бап. Сақтандыру объектісі	23
2 бап. Сақтандыру жағдайы	23
3 бап. Сақтандыру сомаларын анықтау тәртібі.	23
4 бап. Сақтандыру жағдайларынан ерекшеліктер. Сақтандыру шектеулері	24
5 бап. Сақтандыру жағдайының белгілеріне ие оқиғаның басталуы кезіндегі Сақтанушының/ Сақтандырылушының әрекеттері	24
6 бап. Сақтандыру жағдайының басталуын және залал мөлшерін растайтын құжаттардың тізімі	24
7 бап. Сақтандыру төлемінің мөлшері	24

## 1 БӨЛІМ. ЖАЛПЫ ШАРТТАР

### 1-бап. Терминдер мен анықтамалар.

- **Амбулаториялық медицина орталығы** лицензияға ие және амбулаториялық, емханалық емдеу мен күтімді қамтамасыз ететін медициналық мекемені білдіреді.
- **Тіркелген жолжүгі** – жол сөмкесі, чемодандар, портфельдер, сондай-ақ саяхат кезінде Сақтандырылушыға тиесілі болған немесе оның қамқорлығында болған киімдермен немесе заттармен шектелген олардың ішіндегі заттар. Жолжүгі ретінде сақтандыру аумағына әкелінетін және кері әкетілетін, сақтандыру аумағында сатылып алынған және Сақтандырылушының атына жолжүгі ретінде тіркелген және тасымалдаушымен тасымалдауға өз жауапкершілігімен қабылданған Сақтандырылушының заттары қабылданады.
- **Аурухана** – емдеу мекемесі:
  - ауруларды немесе жарақат алғандарды емдеу мен күтімін қамтамасыз ететін;
  - диагностикалық, хирургиялық және т.б. бөлімдерге ие;
  - аттестациядан өткен мейірбикелермен 24 сағат бойына науқастардың күтімін қамтамасыз ететін;
  - бір немесе бірнеше дәрігерлермен жетекшілік етілетін. Аурухана ретінде саналмайды:
  - акушерлік бөлім, сауығушыларға арналған бөлім немесе гериатрия бөлімі, емделуші төсек режимінде және күтушілердің күтіміне мұқтаж болатын жағдайда;
  - санаторий, демалыс үйі, қарттар үйі.
- **Дәрігер** – Сақтандырылушының туысы болып табылмайтын және өзінің ауруларды емдеуге арналған лицензиясының шегінде әрекет ететін жоғары медициналық біліммен маман.
- **Азаматтық соғыс** – бір елге қатысы бар, бірақ әртүрлі этникалық, діни немесе идеологиялық топтарға тиесілі болатын екі немесе одан көп тараптардың арасындағы қарулы қарсыласу. Анықтамаға қосылған: қарулы көтеріліс, төңкеріс, үкіметке қарсы үгіт-насихат, бүлік, мемлекеттік төңкеріс, әскери жағдайдың салдарлары.
- **Тасымалдаушы** – әуе, темір жол, теңіз, автомобиль көлігімен жолаушыларды тасымалдаумен айналысатын, қызметтің осы түріне лицензиясы бар және оларды тұрақты кесте бойынша жүзеге асыратын заңды тұлға.
- **Рецепт** – медициналық препараттарды пайдалану бойынша дәрігердің жазбаша нұсқауын білдіреді.
- **Сервискомпаниясы** – Сақтандырушымен жасалған тиісті шарттың негізінде Сақтандыру шартымен көзделген қызметтерді сақтандыру аумағында Сақтандырылушыларға көрсетуді ұйымдастыруды, үйлестіруді және бақылауды жүзеге асыру міндеттемесін өзіне қабылдайтын заңды тұлға. Сервис компаниясы Сақтандырылушыларға Сақтандыру шартымен көзделген қызметтерді, сақтандыру аумағында қабылданған және қолданылатын қызметтердің көрсету стандарттары бойынша көрсетуді ұйымдастырады.
- **Сақтандырушы** – сақтандыруды жүзеге асыратын тұлға, яғни сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтанушыға немесе пайдасына Шарт жасалған басқа тұлғаға (Пайда алушыға), Шартпен анықталған сома (сақтандыру сомасы) шегінде сақтандыру төлемін жүзеге асыруға міндетті тұлға.
- **Сақтанушы** – Сақтандырушымен Шартты жасаған тұлға. Сақтанушылар ретінде заңды тұлғалар және азаматтар болуы мүмкін.
- **Сақтандырылушы** – оған қатысты сақтандыру жүзеге асырылатын жеке тұлға. Сақтандырылушылар ретінде 75 жасқа дейінгі, Қазақстан Республикасынан тысқары шығатын және Қазақстан Республикасының азаматы, шетел азаматы немесе азаматтығы жоқ тұлға болып табылатын тұлғалар болуы мүмкін;
- **Сақтандырылушы** – сақтандыру жүзеге асырылатын жеке тұлға. Сақтандырылушы Қазақстан Республикасының аумағынан шығатын 75 жасқа дейінгі тұлғалар немесе Қазақстан Республикасының аумағынан тыс орналасқан Қазақстан Республикасының резиденті бола алады;
- **Пайда алушы** – Сақтандыру шартына немесе заң актілеріне сәйкес сақтандыру төлемін алушы болып табылатын тұлға. \_\_\_\_\_
- **Сақтанушының/Сақтандырылушының жақын туыстары** – ата-аналары, балалары, асырап алушылары, асырап алынғандар, толық туыс және толық туыс емес бауырлары мен апа-қарындастары, атасы, әжесі, немерелері;
- **Сақтандыру шарты**(мәтін бойынша «Шарт») – шетелге шығатын тұлғалардың шығындарын кешенді сақтандыру шарты, оған сәйкес Сақтандырушы Сақтанушымен төленетін шартты төлем үшін (сақтандыру сыйлықақысы) Шартта көрсетілген сақтандыру сомасының шегінде сақтандыру төлемін жүзеге асыруды міндетіне алады.

- **Сақтандыру жағдайы** – Шартпен көзделген, орын алған оқиға, оның басталуымен Сақтандырушыда Сақтанушыға (Сақтандырылушыға/Пайда алушыға) сақтандыру төлемін жүзеге асыру міндеттемесі туындайды.
  - **Жазатайым жағдай** – бұл Сақтандырылушының ағзасына сыртқы механикалық, электрлік, химиялық немесе термиялық әсер егудің нәтижесінде денсаулығына залал келтірген, жарақат салған немесе өлім жағдайына әкелген, адамның еркінен тыс, кенеттен басталған қысқа уақыттық оқиға (уақиға).
    - **Жедел медициналық көмек** – өміріне қауіп төндіретін жағдайларда және аурулар кезінде мекенжайда, оқиға орнында және емдеу-сауықтыру мекемесіне бару жолында көрсетілетін жедел медициналық көмек.
    - **Шұғыл медициналық көмек** – науқастың өміріне қауіп төндіретін кенеттен басталған жіті аурулар, жағдайлар, созылмалы аурулардың асқынулары кезінде көрсетілетін медициналық көмек.
  - **Тосыннан ауыру** – сақтандыру арқылы қорғау кезеңінде туындаған, Сақтандырылушының өміріне қауіп төндірудің немесе денсаулығына ары қарай залал келтірудің алдын алу мақсатымен жедел медициналық араласуды талап ететін Сақтандырылушының денсаулығының кенеттен және жіті бұзылуы.
  - **Сақтандыру сыйлықақысы** – Шартпен анықталған мөлшерде Сақтанушыға (Пайда алушыға) сақтандыру төлемін жүзеге асыру міндеттемесін қабылдау үшін Сақтанушының Сақтандырушыға төлеуге міндетті ақша сомасы.
  - **Сақтандыру сомасы** – сақтандыру объектісі сақтандырылған және сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтандырушының жауапкершілігінің шекті көлемін білдіретін ақша сомасы.
  - **Франшиза** – Сақтандырушыны белгіленген мөлшерден аспайтын залалды өтеуден босату туралы шарт. Шарт қойылмайтын (шегерілетін) франшиза кезінде барлық жағдайларда франшиза сомасын шегерумен залал төленеді.
  - **Уақытша франшиза** – ол аяқталған кезде сақтандыру арқылы қорғау кезеңі басталатын Ережелермен немесе Сақтандыру шартымен көзделген уақыт кезеңі;
  - **Медициналық шығындар** – жедел медициналық көмек нәтижесінде медициналық көрсетілімдеріне сәйкес Сақтандырылушыға белгіленген дәрі-дәрмектер мен медициналық қызметтерге ақы төлеу бойынша шығындар;
  - **Медициналық-көлік шығындары** – медициналық репатриациямен және эвакуациямен байланысты шығындар.
  - **Медициналық эвакуация** – сақтандыру оқиғасы орын алған уақытта болу аумағынан жақын маңдағы емдеу мекемесіне медициналық көмек көрсету үшін медициналық тасымалдау.
  - **Медициналық репатриация** – тұрақты тұру еліндегі тұрғылықты жеріне жақын орналасқан халықаралық әуежайға дейін медициналық тасымалдау.
  - **Негізгі тәуекел** – медициналық және медициналық-көлік шығындары.
  - **Қосымша тәуекел** – қосымша төлемді клиенттің өтініші бойынша қосуға болатын сақтандыру ережелерінде қарастырылған тәуекел.
  - **Бонустық тәуекел** – Клиенттен төлем алынбайтын және ақысыз ұсынылатын сақтандыру ережелерінде қарастырылған тәуекел.
  - **COVID-19 – SARS-CoV-2** вирусынан туындаған жұқпалы ауру.
  - **COVID – COVID-19** ауруын емдеу бойынша шығындарға байланысты қосымша ақыға Сақтандыру шартына қосылуы мүмкін
  - **ПЦР анализі** - инфекциялық ауруларды анықтауға бағытталған зертханалық диагностикалық әдіс.
  - **Интернет-ресурс** – мәтіндік, графикалық, аудиовизуалды немесе басқа түрде көрсетілетін, аппараттық-бағдарламалық кешенді орналастырылатын, бірегей желілік мекенжайға және (немесе) домендік атауға ие және Интернетте жұмыс істейтін электронды ақпараттық ресурс. Сақтандырушының интернет-ресурсы келесі мекенжайда орналастырылған: [www.nsk.kz](http://www.nsk.kz).
  - **Электрондық Сақтандыру шарты** – бірыңғай сақтандыру деректер базасы (бұдан әрі- БСДБ) арқылы мемлекеттік органдардың және БСДБ ақпараттық жүйесімен интеграцияланған, оларға ведомстволық бағынышты ұйымдардың ақпараттық жүйелерінен мәліметтермен жүргізу жолымен, өтініште көрсетілген мәліметтерді салыстырып тексеру (верификациялау) әдістері бойынша деректер базасын қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйыммен берілген сақтандыру шартының бірегей нөмірі
- Сақтандыру сертификаты** - сақтандырылған адамға қатысты қолданыстағы сақтандыру қорғауының болуы туралы куәландыратын және жасалған сақтандыру шартын (сақтандыру полисін) растау үшін сақтандырушы ресімдеген, сақтандыруға қабылданатын сақтандыру тәуекелдері бойынша сақтандыру жабынының талаптары туралы ақпаратты қамтитын құжат;

## 2-бап. Сақтандыру аумағы және Шарттың қолданылу мерзімі

- 2.1. Сақтандыру аумағы Шартта көрсетілген елдердің аумағын немесе географиялық шектері болып табылады.
- 2.2. Шартта болу елі де, аймағы да көрсетілуі мүмкін.
- 2.3. Шарттағы елдердің ең көп саны үш елді құрайды, егер Шартпен өзге келісілмеген болса.
- 2.4. Барлық жағдайларда сақтандыру аумағынан Қазақстан Республикасының аумағы, Сақтандырылушының тұрақты тұру елі және Сақтандырылушы азаматы болып табылатын ел алынып тасталынады.
- 2.5. Шарттың қолданылу аумағы бойынша алынып тасталады:
  - аумағында әскери іс-қимылдар жүргізіліп жатқан, әскери жағдай жарияланған, төтенше жағдай енгізілген, азаматтық соғыстар жүріп жатқан мемлекеттер;
  - БҰҰ санкциялары қолданылған мемлекеттер;
  - індет ошақтары, пандемия және басқа да жұқтыру ошақтары табылған және танылған аумақтар;
  - Мемлекеттерге бару кезінде адамдардың денсаулығына залал келтіру ықтималдылығы айқын болатын аумақтар.
- 2.6. Медициналық және медициналық-көлік шығындары бойынша негізгі тәуекел және осы Ережеде көрсетілген қосымша тәуекелдер үшін сақтандыруды қорғау, егер олар сақтандыру шартында ескертілсе және көрсетілсе, 1-бөлімнің 3-бабының 3.1-тармағында белгіленген сақтандыру сыйлықақысын төлеу мерзімі сақталған кезде Шарттың қолданылуы басталған күні ретінде Шартта көрсетілген күннен бастап күшіне енеді, егер сақтандыру ережелерінде өзгеше көзделмесе.
- 2.7. Шарт нақты сапар (туризм, іскерлік сапар, спорт, оқу және т.б.) кезеңіне және мақсаттарында жасалады, егер Шартпен өзге келісілмеген болса,
- 2.8. Медициналық шығындардың туындау тәуекеліне қатысты сақтандыру арқылы қорғаудың әрекеті Сақтанушы/Сақтандырылушы сақтандыру аумағына кіре отырып, мемлекеттің шекарасынан өткен сәттен бастап басталады, бірақ Шарттың күшіне ену күнінен ерте емес және Шартта көрсетілген сақтандыру арқылы қорғаудың қолданылу кезеңі ішінде жалғасады. Аталған тәуекелге қатысты сақтандыру арқылы қорғаудың әрекеті Сақтандырылушы сақтандыру аумағынан шыға отырып, мемлекеттің шекарасынан өткен кезде, немесе Шарттың қолданылуының және Шартта көрсетілген сақтандыру арқылы қорғаудың қолданылу мерзімінің соңғы күніне тоқтатылады, қандай жағдайдың ерте басталуына байланысты.
- 2.9. Шарттың қолданылу мерзімі бір сапармен шектеледі, тек Шартпен анықталған сақтандыру арқылы қорғау кезеңі ішінде шетелге бірнеше дүркін немесе ұзақ уақыттық сапарды қарастыратын сақтандыру жағдайларын қоспағанда. Сақтандыру аумағына әрбір кіру кезінде сақтандыру мерзімі мен сапарлар саны, егер Сақтандыру шартымен өзге келісілмеген болса, осы аумақта өткізілген және сапарлар күнінің санына автоматты түрде азайтылады, бұл ретте сақтандыру арқылы қорғау Сақтандырылушымен сақтандыру кезеңін пайдаланғаннан және Шартта көрсетілген сапарлар санын толық көлемде тауысқаннан кейін тоқтатылады.
- 2.10. Сапар кезеңінде жолжүгін жоғалту/зақымдау тәуекеліне қатысты сақтандыру арқылы қорғау жолжүгін тасымалдау кезінде жолжүгінің сақталуы үшін жауапкершілік тасымалдаушының жауапкершілігіне ауысқан сәттен бастап басталады.
- 2.11. Сапардың күшін жоюға байланысты күтпеген шығындардың пайда болуының қосымша тәуекеліне қатысты сақтандыру қорғанысының әрекеті Шартқа қол қойылған күннен басталады, бірақ сақтандыру сыйлықақысы төленген күннен ерте емес. Қайта ауысып отырумен (транзитпен) ұшып өткен жағдайда, көрсетілген тәуекелге қатысты сақтандыру арқылы қорғау, Қазақстан Республикасының аумағында 1 (бірінші) сапарға (бірінші ауысып отыруға дейінгі билет) ғана қолданылады және Шартта көрсетілген жоспарланған шығу күні, бірақ нақты кету күнінен кешіктірілмей тоқтатылады.
- 2.12. Сақтанушының (Сақтандырылушының) шетелде болу уақытына азаматтық-құқықтық жауапкершілігінің туындау тәуекеліне қатысты сақтандыру арқылы қорғаудың қолданылуы Сақтанушы/Сақтандырылушы сақтандыру аумағына кіре отырып, мемлекет шекарасынан өткен сәттен бастап басталады, бірақ Шарттың күшіне енуінен ерте емес және Шартта көрсетілген сақтандыру арқылы қорғаудың қолданылу мерзімі ішінде жалғасады. Аталған тәуекелге қатысты сақтандыру арқылы қорғаудың қолданылуы Сақтандырылушы сақтандыру аумағынан шыға отырып, мемлекет шекарасынан өткен кезде немесе Шарттың қолданылуының және Шартта көрсетілген сақтандыру арқылы қорғаудың қолданылу мерзімінің соңғы күніне тоқтатылады, қандай жағдайдың бұрын басталуына байланысты.
- 2.13. Төлқұжатты жоғалтумен байланысты тәуекелге қатысты сақтандыру арқылы қорғаудың қолданылуы Сақтанушы сақтандыру аумағына кіре отырып, мемлекет шекарасынан өткен сәттен бастап басталады, бірақ Шарттың күшіне енуінен ерте емес және Шартта көрсетілген сақтандыру арқылы қорғаудың қолданылу мерзімі ішінде жалғасады. Аталған тәуекелге қатысты сақтандыру арқылы қорғаудың қолданылуы Сақтандырылушы сақтандыру аумағынан шыға отырып, мемлекет шекарасынан өткен кезде немесе Шарттың қолданылуының және Шартта көрсетілген сақтандыру арқылы қорғаудың қолданылу мерзімінің соңғы күніне тоқтатылады, қандай жағдайдың бұрын басталуына байланысты.
- 2.14. Егер Шартпен өзге көзделмеген болса, сақтандыру жағдайларының бірінің басталуы кезінде адвокатпен байланысу мүмкіндігін қарастыратын тәуекелге қатысты сақтандыру арқылы қорғаудың

қолданылуы Сақтанушы/Сақтандырылушы сақтандыру аумағына кірген кезде басталады, бірақ Шарттың күшіне ену күнінен ерте емес, және сақтандыру арқылы қорғаудың қолданылу мерзімі ішінде жалғасады, және Шартта көрсетілген лимитпен шарт бойынша бір сақтандыру жағдайына қолданылады. Сақтандыру арқылы қорғаудың қолданылуы Сақтандырылушы сақтандыру аумағына кіре отырып, Қазақстан Республикасының шекарасынан өткен кезде немесе Шарттың қолданылуының және Шартта көрсетілген сақтандыру арқылы қорғаудың қолданылу мерзімінің соңғы күніне тоқтатылады, қандай жағдайдың бұрын басталуына байланысты.

2.15. COVID қосымша тәуекеліне қатысты сақтандыру қорғанысының әрекеті, егер бұл Сақтандыру шартында ескертілсе және көрсетілсе, Сақтандыру шартының басталған күннен бастап күнтізбелік 1 (бір) күннен ерте емес күшіне енеді. Сақтандырылушы Қазақстан Республикасының шекарасынан өтіп, сақтандыру аумағынан шыққан кезде, қандай да бір оқиғаның басталуына байланысты, аймақтан жолға шығу/Шарттың әрекет ету мерзімі аяқталғаннан кейін/ Шартта көрсетілген сақтандыру арқылы қорғаудың әрекет ету мерзімі аяқталғаннан кейін, сақтандыру арқылы қорғау әрекеті тоқтатылады.

2.16. COVID қосымша тәуекеліне қатысты сақтандыру қорғау әрекетінің кезеңі, Сақтандыру шартының талаптары шеңберінде шектелуі мүмкін.

2.17. COVID қосымша тәуекелі бойынша «Оқуға кететін студенттердің» сапарының мақсатындағы Шарттарды қоспағанда, Сақтандыру шартының әрекет ету кезеңі 30 (отыз) күннен аспайды.

2.18. Егер Шартты жасау күнінде Қазақстан Республикасының резиденті болып табылатын Сақтандырылушы Қазақстан Республикасының аумағынан тысқары болған болса, барлық тәуекелдер бойынша сақтандырушылық қорғау сақтандыру шартын жасаған күннен бастап 5 (бес) күнтізбелік күн өткеннен кейін әрекет ете бастайды.

### **3-бап. Сақтандыру сыйлықақысы және оны төлеу тәртібі**

3.1. Сақтандыру сыйлықақысын Сақтанушы бір мезгілде Сақтандырушының қассасына қолма-қол ақшамен немесе, Шарттың қолданылу басталған күні ретінде, Шартта көрсетілген күннен кешіктірмей Сақтандырушының банктік шотына ақша аудару жолымен төлейді.

3.2. Сақтандыру сыйлықақысының мөлшері Сақтандырушымен шарттың қолданылу мерзіміне, сақтандыру объектісіне, сақтандыру тәуекеліне және басқа деректерге байланысты алынатын, әзірленген мөлшерлемелер негізінде анықталады. Сақтандырушы базалық сақтандыру тарифтеріне арттыратын және/немесе төмендететін коэффициенттерді (бұдан әрі – түзету коэффициенттері деп аталады) қолдануға құқылы;

3.3. Сақтандыру сыйлықақысын төлеу күні ретінде Сақтандырушының банктік шотына ақшаның түсу күні саналады.

3.4. Шартпен көзделген мерзімде сақтандыру сыйлықақысын төлемеу жағдайында, аталған Шартта көрсетілген тәуекелдерге қатысты сақтандыру арқылы қорғау қолданылмайды.

3.5. Сақтандыру сомасының, сақтандыру сыйлықақысының және сақтандыру төлемінің валютасы теңге болып табылады.

#### **4.1 шарт**

жолымен жазбаша түрде

Тараптардың сақтандыру шартын жасауы;

сақтанушының сақтандыру ережелеріне қосылуы және сақтандырылған адамға сақтандыру сертификатын беру қажет болған жағдайда сақтандырушының сақтанушыға шарт беруі.

электрондық нысан арқылы:

- бір жақты тәртіпте сақтандыру ережелеріне қосылу және сақтандырушының автоматтандырылған ақпараттық жүйесінде шартты ресімдеу

- бір жақты тәртіпшен сақтандыру ережелеріне қосылу және сақтандырушының интернет-ресурсында шартты ресімдеу

### **4-бап. Шартты жасау тәртібі**

4.1. Шарт жасалады:

- жазбаша түрде мынадай жолмен:

- тараптардың сақтандыру шартын жасауы;

- Сақтанушының сақтандыру Ережелеріне қосу және Сақтандырылған адамға Сақтандыру сертификатын беру қажет болған жағдайда Сақтандырушының Сақтанушыға шарт беруі.

- электрондық нысанда мынадай жолмен:

- Сақтандыру ережелеріне бір жақты түрде қосылу және Сақтандырушының интернет-ресурсында электрондық Шарт жасау;

4.2. Шартты жасау үшін Сақтанушы Сақтандырушыға жазбаша өтінішпен хабарласады немесе Сақтандырушының интернет-ресурсында тиісті нысанды толтырады, және Шартты жасау және сақтандыру тәуекелін бағалау үшін қажетті мәліметтерді хабарлайды (толтырады):

- Сақтандырылған тұлғаның (тұлғалардың) тегі, аты, әкесінің аты, туған күні, тұрғылықты жері,
- төлқұжаттың №, құжаттың берілген күні және кіммен берілген, ЖСН, экономика секторының коды және резиденттілік белгісі;
- шетелдік сапардың мақсаты және мерзімі, өтеу варианты (франшиза), сақтандыру аумағы.
- қажет болған жағдайда өзге де мәліметтер

4.3. Шартты жоғалтқан кезде, егер ол қатаң есептілік бланкісінде (бұдан әрі - ҚЕБ) басып шығарылған болса, Сақтандырушымен дайындауға жұмсаған шығындар мөлшерінде Сақтанушы ақы төлей отырып, телнұсқа ресімделеді. Телнұсқа ҚЕБ-де ресімделеді, бұл Шарттың телқұжаты деп көретіледі, не болмаса қосымша төлем төлемей цифрлық ҚЕБ-де ресімделеді.

4.4. Отбасы немесе 6 (алты) адамға дейінгі адамдар тобы үшін, егер шартта басқаша қарастырылмаса, бірге жол жүруді жүзеге асыратын, олардың қалауы бойынша 1 (бір) Шарт жасалуы мүмкін. Шартта әрбір Сақтандырылған адамға және әрбір объект бойынша сақтандыру сомасы көрсетіледі

4.5. Сақтандыру шартында Сақтандырушының қолы механикалық немесе өзге де көшіру құралдарының, электрондық қолтаңбаның көмегімен факсимильді қайта шығару жолымен орындалуы мүмкін.

4.6. Сақтандырушының интернет-ресурсында электрондық Шартты ресімдеу кезінде, банктік карточка арқылы төлем жүргізіледі. Эмитент-банк төлемді растағаннан кейін, Шарт жасалды және БСДБ-ға беріледі деп есептеледі.

4.7. Шартты электрондық нысанда ресімдеу кезінде Сақтанушының электрондық поштасына Сақтандыру сертификаты түрінде хабарлама жіберіледі, бұл ретте шарттың жазбаша нысанын, қажет болған жағдайда, Сақтанушы «ҰСК» АҚ-ның жақын жердегі бөлімшесінен ала алады. Сонымен қатар Сақтанушының Шарт бойынша ақпаратты Сақтандырушының [www.nsk.kz](http://www.nsk.kz) интернет-ресурсында жеке кабинеті арқылы мына мекенжай бойынша тексеру мүмкіндігі бар.

## **5-бап. Тараптардың құқықтары мен міндеттері**

### **5.1. Сақтандырушы міндетті:**

**1) сақтанушыны орналастырылған сақтандыру ережелерімен таныстыруға (бұдан басқа Сақтанушы ережелермен интерне-ресурста өз бетінше таныса алады) Страховщика [www.nsk.kz](http://www.nsk.kz) "саяхатшыларды сақтандыру" бөлімінде»;**

### **5.2. Сақтандырушы міндетті:**

- 1) Сақтанушыны Сақтандыру ережелерімен таныстыруға; (сонымен бірге Сақтанушы Сақтандыру Ережелерімен жеке өзі Сақтандырушының интернет-ресурсында ([www.nsk.kz](http://www.nsk.kz)) «Шетелге шығушылар» бөлімінде таныса алады);
- 2) Сақтанушы/сақтандырылушы немесе Пайда алушы болып табылатын өзге тұлға сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті барлық құжаттарды ұсынбаған жағдайда, соңғы құжат ұсынылған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде оларды жетіспейтін құжаттар туралы жазбаша хабардар етуге;
- 3) сақтандыру төлемін жүзеге асыруға немесе Пайда алушыға Шартта белгіленген талаптарға сәйкес сақтандыру төлемін жүзеге асырудан жазбаша дәлелді бас тартуды жіберуге;
- 4) Сақтандыру жағдайы кезінде Сақтанушымен залалды азайту үшін жұмсалған шығындарын Сақтанушыға өтеуге;
- 5) сақтандыру құпиясын қамтамасыз етуге;
- 6) Шартпен, Сақтандыру ережелерімен және Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген басқа да іс-әрекеттерді жүзеге асыруға.

### **5.2. Сақтанушы/Сақтандырылушы міндетті:**

- 1) Сақтандырушының [www.nsk.kz](http://www.nsk.kz) интернет-ресурсында орналастырылған сақтандыру Ережелерімен танысуға; сақтандыру сыйлықақысын уақтылы және толық мөлшерде төлеуге;
- 2) сақтандыру сыйлықақысын уақтылы және толық мөлшерде төлеуге;
- 3) Шартты жасау немесе Сақтандырушының интернет-ресурсында нысанды толтыру кезінде сақтандыру мақсаттары үшін қажетті оны қызықтыратын барлық мәліметтерді хабарлауға (толтыруға);
- 4) Шартты жасау кезінде және қолданылу кезеңінде Сақтандырушыға Сақтанушыларға қатысты барлық қолданыстағы немесе жасалатын сақтандыру шарттары туралы хабарлауға;
- 5) Сақтандырушыға сақтандыру тәуекелінің күйі туралы хабардар етуге;
- 6) Сервис компаниясының тарапынан қажетті көмекті уақтылы ұйымдастыру мүмкіндігін қамтамасыз ету, қажетті кеңестерді беру, немесе қажетті көмек алу үшін өз бетімен жүгінуді және сақтандыру жағдайымен байланысты шығындарды келісу үшін, Сақтандыру шартында көрсетілген телефондар

- бойынша Сервис компаниясының тәулік бойына көмек көрсету орталығымен хабарласуға және сақтандыру жағдайының белгісіне ие оқиғалардың басталуы туралы хабарлауға;
- 7) сақтандыру жағдайының басталу сәтіне Сервис компаниясының тәулік бойына көмек көрсету орталығымен байланысу мүмкін болмаған жағдайда, мұны алғашқы мүмкін болған кезде жасауға және Полисті көрсетуге, бұл ретте Сервис компаниясының деректер қорына хабарласуы тіркелген Сервис орталығының тәулік бойына көмек көрсету орталығының қызметкерінің ресми растамасын алмай, үшінші тұлғалармен ұсынылған немесе көрсетілген қызметтерге ақы төлемей;
  - 8) Сақтандырушының өкіліне залал мөлшерін, сақтандыру жағдайының басталу себептері мен басқа жағдайларын анықтауға көмек көрсетуге;
  - 9) Егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген талап қою мерзімдерінде Қазақстан Республикасының заңнамасы, Сақтандыру ережелері немесе Шарт бойынша Пайда алушыны/Сақтанушыны сақтандыру төлемін алу құқынан толығымен немесе ішінара айыратын жағдай анықталатын болса, Сақтандырушыға алған сақтандыру төлемін толық көлемде немесе ішінара қайтаруға;
  - 10) Сақтандырушының келісімінсіз сақтандыру жағдайының басталуымен байланысты өзіне қойылатын талаптарды ішінара немесе толығымен мойындамауға, өтемақыларды төлемеуге, сондай-ақ мұндай талаптарды реттеу бойынша қандай да бір тікелей немесе жанама міндеттемелерді өзіне қабылдамауға;
  - 11) сақтандыру жағдайымен байланысты құжаттардың, Шарт бойынша қажетті құжаттардың, сондай-ақ Сақтандырушымен өзіне ауысқан сақтандыру жағдайының басталуы үшін жауапты тұлғаға залалдарды өтетуді талап ету құқын (суброгация) жүзеге асыру үшін қажетті дәлелдемелер мен мәліметтердің, құжаттардың сақталуын қамтамасыз етуге және Сақтандырушыға тапсыруға;
  - 12) сақтандыру жағдайымен байланысты құжаттардың, Шарт бойынша қажетті құжаттардың, сондай-ақ Сақтандырушымен өзіне ауысқан сақтандыру жағдайының басталуы үшін жауапты тұлғаға залалдарды өтетуді талап ету құқын (суброгация) жүзеге асыру үшін қажетті дәлелдемелер мен мәліметтердің, құжаттардың сақталуын қамтамасыз етуге және Сақтандырушыға тапсыруға;
  - 13) емделу барысында алынған емдеуші дәрігердің нұсқауларын сақтауға, медициналық мекемемен белгіленген тәртіпті сақтауға;
  - 14) Сақтандырушының талап етуі бойынша медициналық тексеруден өтуге және оның нәтижелерін ұсынуға;
  - 15) Сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті құжаттарды орыс немесе мемлекеттік тілде ұсынуға. Егер құжат басқа тілде жасалған болса, құжаттың өз есебінен орыс немесе мемлекеттік тілге нотариалдық куәландырылған аудармасын Сақтандырушыға беруге;
  - 16) егер сақтандыру арқылы қорғаудың қолданылу мерзімі Сақтандырылушының сақтандыру аумағында болу күндерінің санынан және/немесе «Сақтандыру арқылы қорғаудың қолданылуы», «Сапарлар саны» бағанында көрсетілген сапарлардың санынан артатын болса, міндетті тәртіпте Сақтандырушының/Сервис компаниясының сұрау салуы бойынша, күндердің/сапарлардың санының хабарласу сәтіне шығындалмағанын, кіру/шығу кезінде шекарадан өту туралы шекаралық бақылау қызметінің тиісті белгілерімен шетелдік төлқұжаттың көшірмесін, мәлімделген оқиғаның басталу аумағында болуының негіздемесі болып табылатын құжатты (сапарға бару елінің визасы, елде болуға рұқсат және т.б.) ұсыну арқылы растауға;
  - 17) Шартпен, Сақтандыру ережелерімен және Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген басқа да іс-әрекеттерді жүзеге асыруға.
  - 18) елшіліктің виза ашудан бас тартуына байланысты Сақтанушының талап етуі бойынша шарт мерзімінен бұрын бұзылған жағдайда, Сақтанушы Сақтандырушыға елшіліктің бас тартуын жазбаша түрде (түпнұсқа) Шарттың қолданылуы басталған күнге дейін ұсынуға міндетті.

### 5.3. Сақтандырушы құқылы:

- 1) Сақтанушыдан сақтандыру жағдайының фактысын, оның туындау жағдайларын анықтау үшін қажетті ақпаратты талап етуге;
- 2) өзіне берілген ақпаратты және құжаттарды тексеруге;
- 3) Сақтандыру жағдайының белгілеріне ие оқиғалардың себептері мен жағдайларын өз бетімен анықтауға, оның ішінде құзырлы органдарға сұранымдарды жіберуге;
- 4) Сақтанушының келісімімен Сақтанушының атынан және тапсырмасы бойынша сотта іс жүргізуді өзіне қабылдауға;
- 5) Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте Сақтандырушыға қойылатын талап ету мөлшерін даулауға;
- 6) тәуекел дәрежесінің артуы жағдайында Шарттың шарттарын өзгертуді немесе тәуекелдің артуына мөлшерлес қосымша сақтандыру сыйлықақысын төлеуді талап етуге. Егер Сақтанушы Шарттың шарттарын өзгертуге немесе сақтандыру сыйлықақысын қосымша төлеуге қарсы қарсылық білдіретін



болса, Сақтандырушы Сақтандыру ережелерімен және Шартпен көзделген тәртіпте Шартты бұзуды талап етуге құқылы;

- 7) зардап шегушінің зақымданған (жойылған) мүлкін бағалауды жүзеге асыруға;
- 8) зардап шегушінің денсаулығына және (немесе) мүлкіне келтірілген залал мөлшерін бағалау және сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру төлемінің мөлшерін анықтау үшін тәуелсіз сарапшының қызметтерін пайдалануға;
- 9) Шартпен, Сақтандыру ережелерімен және Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген жағдайларда, залал келтіргені үшін жауапты тұлғаға кері талап қою құқын ұсынуға;
- 10) Шартпен, Сақтандыру ережелерімен және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен көзделген негіздер бойынша сақтандыру төлемін толығымен немесе ішінара жүзеге асырудан бас тартуға;
- 11) егер сақтандыру жағдайы Сақтанушыны (Сақтандырылушының) өрескел абайсыздығы салдарынан туындаса, сақтандыру төлемінің мөлшерін азайтуға;
- 12) егер сақтандыру шарты Ереженің 1бөлімінің 6 бабының 6.1 тармақшасында санамаланған тұлғалардың біріне қатысты жасалған болса, сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуға;
- 13) Компанияның ішкі шешімдеріне байланысты осы Ережеде көрсетілген қосымша тәуекелдер бойынша жабуды Шартқа енгізбеу.
- 14) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына қайшылық тудырмайтын басқа іс-әрекеттерді жүзеге асыруға.

#### 5.4. Сақтанушы (Сақтандырылушы) құқылы:

- 1) Сақтандырушыдан сақтандыру шарттарын және Шарттың қолданылу тәртібін түсіндіруді талап етуге;
- 2) Жазбаша өтініштің негізінде Шартты жоғалтып алған жағдайда Шарттың телнұсқасын алуға, Сақтандырушыға 300 (үш жүз) теңге мөлшерінде оны дайындау шығындарын өтей отырып;
- 3) Шартпен көзделген сақтандыру жағдайының басталу фактысы бойынша Шартқа немесе Сақтандыру ережелеріне сәйкес сақтандыру төлемін алуға.
- 4) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына қайшылық тудырмайтын басқа іс-әрекеттерді жүзеге асыруға.;
- 5) Сақтандырушымен/Сақтандырушының өкілімен алдын ала келісе отырып, медициналық қызметтерді қолма-қол ақшамен төлеуге;

#### 6-бап. Сақтандыру жағдайларынан жалпы ерекшеліктер және сақтандыруды шектеулер

##### 6.1 Шарт келесі тұлғалармен жасалмайды:

- Шартты жасау сәтіне жасы 75 жастан асқан, егер Шартпен өзге келісілмеген болса;
- Шетелге сапарды жүзеге асыру үшін медициналық қарсы көрсетілімдері бар;
- I,II топ мүгедектігі бар.
- Егер Сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, 60 (алпыс) жастан асқан адамдар COVID қосымша тәуекелі шеңберінде сақтандыруға жатпайды.

Егер Шартты жасағаннан кейін оның жоғарыда аталған тұлғалардың біреуіне қатысты жасалғаны анықталатын болса, онда Сақтандырушы сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуға құқылы болады.

##### 6.2 Сақтандырушы сақтандыру төлемінен толығымен немесе ішінара бас тартуға құқылы болады, егер сақтандыру жағдайы төменде аталғандардың салдарынан орын алған болса:

- 1) сақтандыру жағдайының басталуына бағытталған немесе оның басталуына себін тигізген Сақтанушының, Сақтандырылушының және (немесе) Пайда алушының қасақана іс-әрекеттерінің, қажетті қорғаныс және аса қажеттілік жағдайында жасалған іс-әрекеттерді қоспағанда;
- 2) заңнамалық актілермен белгіленген тәртіпте қасақана қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылық ретінде танылған, сақтандыру жағдайымен себепті байланысты болған Сақтанушының, Сақтандырылушының және (немесе) Пайда алушының іс-әрекеттерінің.

##### 6.3. Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босатылатын болады, егер сақтандыру жағдайы төменде аталғандардың салдарынан басталған болса:

- ядролық жарылыстың, радиацияның немесе радиоактивтік зақымданудың, сондай-ақ таралу әсерінің;
- әскери іс-қимылдардың;
- азаматтық соғыстың, лаңкестік актілердің, барлық түрдегі халықтық толқулардың, жаппай тәртіпсіздіктердің немесе ереуілдердің;

##### 6.4. Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуы үшін негіздеме ретінде төменде аталғандар болуы мүмкін:

- Сақтанушымен Сақтандырушыға сақтандыру объектісі, сақтандыру тәуекелі, сақтандыру жағдайы және оның салдарлары туралы қасақана жалған мәліметтерді хабарлауы;
- Сақтанушымен/Сақтандырылушымен сақтандыру жағдайынан залалдарды азайту бойынша қасақана шараларды қабылдамауы;
- Сақтанушымен залал келтіруге кінәлі тұлғадан мүлдіктік сақтандыру бойынша залалды тиісті өтеуді алуы;
- Сақтанушымен Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының басталу жағдайларын тексеруге және онымен келтірілген залал мөлшерін анықтауға кедергі келтіруі;
- Сақтандырушыға Шартпен белгіленген тәртіпте және мерзімде сақтандыру жағдайының басталғаны туралы хабарламауы;
- Сақтанушының сақтандыру жағдайының басталғаны үшін жауапты тұлғаға өзінің талап ету құқынан бас тартуы, сондай-ақ Сақтандырушыға талап ету құқының ауысуы және талап ету құқын іске асыру үшін қажетті құжаттарды табыстаудан бас тартуы. Егер сақтандыру өтемақысы төленген болса, Сақтандырушы оны толығымен немесе ішінара қайтаруды талап етуге құқылы;

6.5. Сақтандырушымен Шарттың 1.4 т. Көрсетілмеген тәуекелдер өтелмейді, «Төлқұжаттың жоғалуы немесе ұрлануы оқиғасын сақтандыру» тәуекелін қоспағанда, бұл тәуекел әдепкі қалпы бойынша Сақтандыру шартымен өтеледі.

6.6. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 839 б. , Сақтандыру ережелерімен және Сақтандыру шартымен көзделген оның құқыққа қайшы іс-әрекеттерінің себептері бойынша Сақтанушының алдындағы сақтандыру жауапкершілігінен Сақтандырушыны босату бір мезгілде Сақтандырушыны Сақтандырылушыға немесе Пайда алушыға сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босатады.

6.7. Сақтандыру шартында COVID қосымша тәуекелі болған жағдайда, егер сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, АҚШ сақтандыру аумағынан шығарылады.

6.8. COVID қосымша тәуекелі бойынша шартты сатып алатын, Қазақстан Республикасынан тыс жерлердегі тұлғаларды сақтандыру алып тасталады.

6.9. Егер сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, «Оқуға кететін студенттердің» сапары мақсатындағы Шарттарды қоспағанда, 1 (бір) сапармен шектеледі.

## **7-бап. Сақтандыру шартын өзгерту және тоқтату шарттары**

7.1 Шартқа барлық өзгертулер мен толықтырулар оларды жазбаша ресімдеу және тараптардың уәкілетті өкілдерімен қол қою шартымен заңды күшке ие болады.

7.2 Шарт келесі жағдайларда өзінің қолданылуын тоқтатады:

- 1) Сақтанушының/Сақтандырылушының Қазақстан Республикасының, тұрақты тұрғылықты жерінің немесе азаматтығы бар елінің шекарасынан өткеннен кейін сапарын (саяхатын және т.б.) аяқтауы, бірақ Шарттың қолданылу мерзімі аяқталған күннен кеш емес;
- 2) Сақтандырушымен Шарт бойынша Сақтанушының алдындағы міндеттемелерін толық көлемде орындауы;
- 3) Сақтандыру арқылы қорғаудың немесе шарттың қолданылу мерзімінің аяқталуы;
- 4) Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте заңды тұлға-Сақтандырушыны/Сақтанушыны тарату;
- 5) сотпен Шартты жарамсыз деп тану туралы шешім қабылдау;
- 6) Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген басқа жағдайларда.

7.2.1 Сақтандырылушы қайтыс болған жағдайда Шарт аталған Сақтандырылушыға қатысты денесін медициналық репатриациялауға шығындарына қатысты сақтандыру төлемін жүзеге асырғаннан кейін мерзімінен бұрын тоқтатылады.

7.2.2 Сақтанушы бұл туралы Сақтандырушыға жазбаша хабарлай отырып, кез келген уақытта Шарттар бас тартуға құқылы.

7.2.3 Сақтанушының немесе Сақтандырушының талап етуі бойынша Шарттың қолданылуының басталу күніне дейін Шартты мерзімінен бұрын бұзу жағдайында, Сақтандырушы Сақтанушыға төленген сақтандыру сыйлықақысын 100% қайтарады. Сақтанушының талабы бойынша Шартты мерзімінен бұрын бұзған жағдайда, виза ашуға елшіліктің бас тартуымен байланысты Сақтанушы Сақтандырушыға Шарттың әрекет ету мерзімі басталғанға дейін елшіліктің бас тартуын жазбаша түрде (түпнұсқа) ұсынуға міндетті.

7.2.4 Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 841 б. 1 т. көзделген негіздер бойынша Сақтандырушының немесе Сақтанушының өтініші бойынша Шарттың қолданылуының басталу күнінен кейін Шартты мерзімінен бұрын бұзу жағдайында, Сақтандырушы Сақтанушыға келесі формула бойынша есептелген сақтандыру сомасының бөлігін қайтарады  $(СП - 40\% * СП) / N * n$ , мұнда:

СП – төленген сақтандыру сыйлықақысы,

N – шарттың қолданылу мерзімі (күндермен),  
n – Шарттың қолданылуының өтпеген кезеңі (күндермен).

7.2.5 Шарттың қолданылуының басталу күнінен кейін Сақтанушының талап етуі бойынша Шартты мерзімінен бұрын тоқтату кезінде, егер бұл Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 841 б. 1 т. көрсетілген жағдайлармен байланысты болмаса, немесе егер Сақтанушыға/Сақтандырылушыға қатысты сақтандыру төлемі жүзеге асырылған болса, Сақтандырушыға төленген сақтандыру сыйлықақысы қайтарылуға жатпайды.

7.2.6 Шартты бұзу Сақтандырушының кінәсінен оның шарттарын орындамаумен болған жағдайларда, соңғысы Сақтанушыға онымен төленген сақтандыру сыйлықақысын толығымен қайтаруға міндетті.

7.2.7 Сақтандыру төлемдерін жеке сақтандыру тәуекелі бойынша сақтандыру сомасы мөлшерінде жүзеге асыру кезінде, сақтандыру арқылы қорғау аталған сақтандыру тәуекеліне қатысты өзінің қолданылуын тоқтатады.

## **8-бап. Суброгация**

8.1 Сақтандыру төлемін жүзеге асырған Сақтандырушыға төленген сома шегінде Сақтанушының/Сақтандырылушының келтірілген залал үшін жауапты тұлғаға талап ету құқығы ауысады. Сақтанушы / сақтандырылған адам сақтандырушыға барлық құжаттар мен дәлелдемелерді беруге және оған өзіне ауысқан Сақтандырушының талап ету құқығын іске асыруы үшін қажетті барлық мәліметтерді хабарлауға міндетті. Сақтандырушы кез келген жағдайда қасақана зиян келтірген адамға талап қоюға құқылы.

8.2 Егер Сақтанушы/Сақтандырылушы Сақтандырушымен өтелген залалдар үшін жауапты тұлғаға талап ету құқынан бас тартатын болса, немесе бұл құқықты жүзеге асыру Сақтанушының/Сақтандырылушының кінәсінен мүмкін болмаған болса, Сақтандырушы сақтандыру төлемін немесе тиісті бөлігінде толығымен жүзеге асырудан босатылады және артық төленген соманы қайтаруды талап етуге құқылы болады.

## **9-бап. Форс–мажор**

9.1 Шарт бойынша міндеттемелерін орындамаған немесе тиісті жолмен орындамаған Тарап мүліктік жауапкершілікті көтермейтін болады, егер тиісті жолмен орындау еңсерілмейтін күштің, яғни аталған жағдайларда төтенше және алдын алуға болмайтын жағдайлардың салдарынан мүмкін емес болғанын дәлелдейтін болса.

9.2 Форс-мажорлық жағдайларға мыналар кіреді, бірақ мұнымен шектелмейді: су тасқыны, өрт, жер сілкінісі және басқа да табиғи апаттар, соғыс немесе кез келген сипаттағы әскери іс-қимылдар, қоршаулар, эпидемия/індет, мемлекеттік органдардың тыйым салулары.

9.3 Форс-мажор жағдайларын басынан өткізетін Тарап мұндай жағдайлардың басталғаны туралы екінші Тарапқа 3 (үш) жұмыс күні ішінде хабарлауға міндетті.

9.4 Форс-мажор жағдайлардың әрекеті құзырлы органдардың тиісті құжаттарымен расталулары тиіс.

## **10-бап. Дауларды шешу тәртібі**

10.1 Сақтандырушы мен Сақтанушының арасындағы Шарт бойынша барлық даулар келіссөздер арқылы шешіледі. Келісімге қол жеткізілмеген жағдайда, дау Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес сот тәртібінде қарастырылады.

## **11-бап. Ерекше шарттар**

11.1 Шартпен келісілмегеннің бәрі Сақтандыру ережелеріне сәйкес реттеледі. Шарт пен Сақтандыру ережелерінің арасында қайшылықтар туындаған жағдайда Шарттың ережелері қолданылады.

11.2 Сақтандыру төлемін жүзеге асыру теңгемен жүзеге асырылады. Сақтандыру төлемін шетелдік валютада жүзеге асыру Қазақстан Республикасының валюталық реттеу туралы заңнамасымен белгіленген тәртіпте және шарттарда жүзеге асырылады.

11.3 Шартқа қол қоя отырып, Сақтанушы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнама нормаларын сақтай отырып, Шартты жасағанға дейін және жасау сәтіне берілген дербес деректерін өңдеуге, пайдалануға және сақтауға өз келісімін береді.

11.4 Ережелер 3 (үш) тілде – қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде жасалған. Мәтіндерінің сәйкессіздігі анықталған жағдайда, Ережелердің орыс тіліндегі мәтіні басымдылыққа ие болады.

## **2 БӨЛІМ. ШЕТЕЛГЕ ШЫҒУ КЕЗІНДЕ АЗАМАТТАРДЫҢ МЕДИЦИНАЛЫҚ ЖӘНЕ МЕДИЦИНАЛЫҚ-КӨЛПҚ ШЫҒЫНДАРЫН САҚТАНДЫРУ.**

### **1-бап. Сақтандыру объектісі**

Сақтандыру объектісі сақтандыру аумағында болу уақытында сақтандыру жағдайы басталған кезде жедел медициналық және медициналық-көліктік көмек алу қажеттілігіне байланысты Сақтандырылған адамның мүліктік мүдделері болып табылады.

## **2-бап. Сақтандыру жағдайы, сақтандыру сомаларын анықтау тәртібі**

2.1 Сақтандыру жағдайы төменде аталғандармен байланысты Сақтандырылушының дәрігерлерге және/немесе медициналық мекемелерге жедел медициналық көмек алу үшін хабарласуымен, Сақтандырылушымен медициналық қызметтерді алуымен және/немесе медициналық препараттарды сатып алуымен байланысты Сақтандырылушының жүзеге асырылған шығындары болып табылады:

- 1) қатты ауырсыну;
- 2) күйіктермен, үсіктермен, қатты уланумен, есеңгіреумен және шөптермен;
- 3) 38°C жоғары жоғары дене температурасымен;
- 4) түйілумен, естен танумен, тұншығумен;
- 5) қатты қан кетумен;
- 6) гипертондық, гипотондық криздармен;
- 7) жіті аллергиялық реакциямен (Квинке ісінуі)
- 8) жіті хирургиялық жай-күймен (абсцесстер, күбірткелер және жедел хирургиялық араласуды қажет ететін басқа іріңді процесстер);
- 9) жазатайым оқиғалармен;
- 10) тістің және/немесе оның айналасындағы тіндердің өткір қабынуының нәтижесінде туындаған өткір тіс ауруы, немесе жазатайым жағдайдың нәтижесінде алынған жақсүйек жарақаттары;
- 11) COVID қосымша тәуекелі бойынша сақтандыру арқылы қорғау әрекет ету кезеңінде COVID-19 ауруымен алғаш рет диагностикаланғанына байланысты, шұғыл емдеуге жатқызуға арналған шығындар сақтандыру жағдайы болып табылады.

2.2 Сақтандыру жағдайлары ретінде көзделген оқиғалар сақтандыру жағдайлары ретінде танылатын болады, егер олар Сақтандырылған адамның сақтандыру арқылы қорғаудың қолданылу кезеңінде және аумағында болу кезінде орын алған болса.

## **2.3 Сақтандыру сомаларын анықтау тәртібі**

2.3.1 Сақтандыру жағдайының белгілеріне ие оқиғаның басталуы, және Сақтанушымен/Сақтандырылушымен Шартпен көзделген тәртіпте және мерзімде оның басталуы туралы хабарлау туралы талаптарды орындау кезінде, Сақтандырушы медициналық және медициналық-көліктік көмекті көрсетуді ұйымдастыруды және Сақтандырылушының келесі шығындары бойынша сақтандыру төлемін жүзеге асыруды міндетіне алады:

- 1) жедел медициналық көмек көрсету шығындарын;
- 2) жедел амбулаторлық көмек көрсету шығындарын;
- 3) жедел медициналық көрсетілімдер бойынша дәрі-дәрмек шығындарын;
- 4) диагностикалық зерттеу шығындарын;
- 5) 10 (он) күннен көп емес мерзіммен жедел стационарлық көмек көрсету шығындарын;
- 6) Америка Құрама Штаттарында бір іс бойынша 5 000 (бес мың) еуродан аспайтын жедел стационарлық көмекке арналған шығындар.
- 7) стоматологиялық тексеру, рентгендік тексеру, өткір тіс ауруымен немесе жазатайым жағдайдың нәтижесінде алынған жарақаттармен негізделген тістерді жұлу немесе пломбалау шығындары, әрбір тіс бірлігі үшін 50 (елу) еуродан аспайтын сомаға 2 тіс бірлігінен көп емес;
- 8) Сақтандырылушыға неғұрлым жедел медициналық білікті көмек көрсетуге мүмкіндік беретін жақын маңдағы емдеу мекемесіне кез келген тәсілмен көрсетілетін медициналық-көліктік көмек көрсетумен (қажетті алып жүрумен медициналық негіздемелердің болуы кезінде) байланысты шығындар;

2.3.2 COVID қосымша тәуекелі бойынша Сақтандырылушы COVID-19 ауруы кезінде шұғыл емдеуге жатқызуға арналған шығындар, Сақтандыру шартында белгіленген лимит шеңберінде өтеледі.

2.3.3 Сақтандырушымен тағайындалған дәрігер жергілікті емдеуші дәрігермен кеңесу кезінде, өзінің кәсіби пікіріне сәйкес науқастың жағдайы медициналық көрсетілімдері бойынша репатриацияны, эвакуацияны талап ететіндігін анықтаған жағдайда, оны тұрақты тұру еліне эвакуациялауды жүзеге асыруды талап ететін жағдайда, Сақтандырушы мүмкіндігінше қысқа мерзімде тиісті медициналық бақылаумен эвакуацияны ұйымдастырады. Бұл ретте Сақтанушы/Сақтандырылушы сақтандыру жағдайының басталуымен байланысты пайдаланылмаған жол жүру билетінің (-авиа, т/ж, авто, теңіз көлігімен) құнын қайтаруы тиіс. Егер

Сақтандырушымен тағайындалған дәрігер жергілікті емдеуші дәрігермен кеңесу кезінде, науқастың жағдайы медициналық алып жүрусіз сапарды жалғастыруға мүмкіндік беретіндігін анықтайтын болса, онда Сақтандырушы тек сақтандыру жағдайымен байланысты медициналық шығындарды ғана өтейтін болады. Ары қарайғы тұру және авиабилеттерді сатып алу шығындары өтелмейді.

2.3.4 Егер Сақтандырылушының 18 жасқа дейінгі жастағы балалары онымен жазатайым жағдайдың басталуы салдарынан қараусыз сақтандыру аумағында қалатын болса, Сақтандырушы оларға тұрақты тұру еліне эконом класпен сапарына ақы төлейді. Бұл ретте Сақтандырушы Сақтанушыдан/Сақтандырылған адамнан сақтандыру жағдайының басталуымен байланысты балаларына пайдаланылған авиабилеттің (авиабилеттердің) құнын қайтаруды талап етуге құқылы. Қажетті дайындықтарды жасау үшін Сақтанушыға/Сақтандырылушыға немесе оның өкіліне сервистік компанияның диспетчерлік орталығымен байланысу керек.

2.3.5 Сақтандырылушы бұрын тұрақты тұрған және онымен тікелей халықаралық байланыс бар елдегі болжалды жерлеу орнына неғұрлым жақын орналасқан әуежайға Сақтандырылушының денесін (мәйітін) репатриациялаумен байланысты шығындар (оған заңгерлік ресімдеу, денесін сою, бальзамдау, халықаралық тасымалдау үшін талап етілетін табыт шығындары кіреді).

2.3.6 Сақтандырушы жерлеу қызметтеріне, жерлеуге, сондай-ақ еске алу түскі астарын өткізу шығындарын көтермейді.

### **3-бап. Сақтандыруды шектеу 2-бөлімі бойынша сақтандыру жағдайларынан ерекшеліктер.**

3.1 Сақтандыру жағдайлары болып табылмайды:

- 1) Сақтандыру мерзімінің басталуына дейін орын алған аурулармен байланысты Сақтандырылушының денсаулық жағдайының нашарлауы немесе қайтыс болуы, ол бойынша емдеу жүргізілді ме немесе жоқ па, Сақтандырылушы бұл туралы білді ме немесе жоқ па, және осындай емдеуге қатысты шеккен шығындарға тәуелсіз, сондай-ақ, егер саяхат Сақтандырылушыға денсаулық жағдайы бойынша қарсы көрсетілген болса және/немесе бар ауруының барысын қиындатуы мүмкін болса (оның асқынуына себеп болатын болса);
- 2) Созылмалы аурулар, олардың кез келген салдарлары мен асқынулары, Сақтандырылушының өміріне тікелей қауіп төндіретін кенеттен асқынуларын қоспағанда;
- 3) Сақтандырылушыны оқшаулауды және/немесе инфекциялық стационарға және/немесе изоляторға ауруханаға жатқызуды талап ететін инфекциялық және паразиттік аурулар, оның ішінде туберкулез, бруцеллез, полиомиелит, нейроинфекция, шешек, алапес, құтыру, туляремия, күйдіргі, аусыл, дифтерия, дифтерия қоздырғыштарын таратушылық, іш сүзегі және паратифтер, атипті пневмония вирусы, геморрагиялық қызба, ЖИТС, АИТВ, тұмаудың атипті түрлері (штамдары), COVID-19 және олардың клиникалық түріне және процесс сатысына тәуелсіз салдары. Бірыңғай жағдай ретінде, егер Сақтандыру шартында COVID қосымша тәуекелі көзделсе және бұл тәуекел қосымша сыйақымен төленген жағдайда;
- 4) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Әлеуметтік мәні бар аурулардың және айналадағылар үшін қауіп төндіретін аурулардың тізіміне енгізілген аурулар. Бірыңғай жағдай ретінде, егер Сақтандыру шартында COVID қосымша тәуекелі көзделсе және бұл тәуекел қосымша сыйақымен төленген жағдайда;
- 5) Мемлекеттік емес денсаулық сақтау саласында Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес емдеуге тыйым салынған аурулар тізіміне енгізілген аурулар.
- 6) «кез келген ластануды, кез келген дезактивацияны, кез келген дезинфекцияны және/немесе уәкілетті мемлекеттік органның жоғарыда баяндалғандарға байланысты жабуға, шектеуге немесе болдырмауға қатысты кез келген іс-қимылын қоса алғанда, жұқпалы<sup>11</sup> және/немесе паразиттік аурулардың (пандемия, эпидемия) таралуына байланысты шығындар және/немесе залалдар». Бірыңғай жағдай ретінде, егер Сақтандыру шартында COVID қосымша тәуекелі көзделсе және бұл тәуекел қосымша сыйақымен төленген жағдайда;

---

<sup>1</sup> Жұқпалы ауру - кез келген инфекциялық ауруды, жұқпалы ауруды, контагиозды ауруды және/немесе кез келген инфекциялық, контагиозды немесе инфекциялық затты (вирусты, бактерияны, паразитті немесе ағзаны қоса алғанда (бірақ мұнымен шектелмей) немесе кез келген осындай заттардың кез келген мутациясы, (оның ішінде тікелей (бірақ мұнымен шектелмей) немесе жанама ауа-тамшы арқылы беру, дене сұйықтығымен берілуі, немесе кез келген бет жағына немесе объектіге, қатты денеге, сұйықтық немесе газға немесе басқа да беру) берілуін білдіреді, бұл адамның денсаулығына зиян; адамның әл-ауқатына нұқсан келтіруі немесе қауіп төндіруі мүмкін; және/немесе материалдық немесе материалдық емес мүліктің бүлінуіне, құнын немесе тауарлық түрін жоғалтуына әкеп соқтыруы мүмкін. Күмән тудырмау үшін жұқпалы ауру коронавирустық 2019 (COVID-19) ауруын және оның кез келген мутациясын немесе вариациясын қамтиды (бірақ шектелмейді).

- 7) ең алдымен жыныстық жолмен берілетін инфекциялық аурулар (хламидиоз, трихомоноз, гарднереллез, микоплазмоз, анальдық, генитальдық ұшық және т.б.);
- 8) алдын ала вакцинациялаумен алды алынулары мүмкін және/немесе Сақтандырылушымен таратушымен байланысқа түскеннен кейін профилактикалық карантиндік шараларды бұзу салдары болып табылатын инфекциялық аурулар;
- 9) терең микоздар, псориаз; егер мұндай қосымша тәуекел Шартта көрсетілмеген болса, Сақтандырылушы тұлғамен ашық су қоймасында (теңіз, мұхит, өзендер, тоғандар және басқалар) алған жарақатпен және/немесе жіті аурулармен байланысты шығындар;
- 10) дәнекер тіннің жүйелі аурулары, жүйелік васкулиттер амилоидоз;
- 11) туа біткен аномалиялар және даму кемістіктері;
- 12) кәсіби аурулар: химиялық өндірістік факторлардың әсерінен болған созылмалы уланулар (меланодермия, құймалық безгек, тефлондық безгек, пневмокониоздар және т.б.), физикалық факторлардың әсерінен болатын аурулар (дірілмен, ультрадыбыспен, электромагниттік сәулеленулермен, электр дәнекерлеумен, гипертермиямен, лазерлік, рентген сәулелерімен, декомпрессиямен);
- 13) жіті және созылмалы сәуле соққысымен зақымдану;
- 14) күнге күйлер және ультракүлгін сәулеленудің әсерінен, сондай-ақ зең және дерматологиялық аурулардың (инфекциялықтан басқа) әсерінен болған терінің басқа жіті өзгерулері, оның ішінде аллергиялық (Квинке ісігінен басқа) және тағамдық дерматиттер; псориаз және оның асқынулары; микоз, желшешек; теңіз жануарларының шағулары мен күйдірулері, теңіз маржандарынан және теңіз өсімдіктерінен болған күйлер;
- 15) қант диабеті (I және II типтегі);
- 16) созылмалы бүйрек және бауыр жеткіліксіздігі, оның ішінде бүйректен тыс қанды тазартуды жүргізу;
- 17) психикалық аурулар, қояншық (алғашқы және симптомдық) және олардың асқынулары, сондай-ақ мінез-құлықтың бұзылуы, оның ішінде алкоголизм, есірткіқұмарлық, уытқұмарлық, сондай-ақ олармен байланысты аурулар мен жарақаттар.
- 18) онкологиялық аурулар, онкогематологиялық аурулар;
- 19) қатерсіз түзілімдер, гиперпластикалық процестер, снымен қатар олармен негізделген асқынулар;
- 20) әдейі сақтандыру аумағында емделуді алу мақсатымен байланысты Сақтандырылушының денсаулық жағдайының нашарлауы немесе қайтыс болуы;
- 21) қауіпті әрекеттердің/жұмыстардың кез келген түрімен, оның ішінде бәйгелермен, рафтингпен, дайвингпен, мото-квадроциклдерді, скутерлерді, велосипедтерді және сноубордтарды, шаңғыларды тебумен, жануарларда шабумен, автожарыстармен және жарыстармен, кәсіби немесе ұйымдасқын спортпен айналысумен, арқандарды және өткізгіштерді пайдалануды қажет ететін альпинизммен, үндірге түсумен, трамплиннен су шаңғысымен, шаңғысыз, су мотоциклдерімен суға секірумен, жаяу тауларға/шындарға өрлеумен, трекингпен, қысқы спорт түрлерімен және кез келген ұшу түрлерімен айналысумен байланысты Сақтандырылушының денсаулығына залал келтіру (денсаулық жағдайының нашарлауы) немесе қайтыс болуы, белгіленген бағыт бойыншатұрақты авиарейспен немесе лицензиялы чертерлік рейспен жол жүруге ақы төлеген жолаушы ретінде жасалатындарды қоспағанда, егер қосымша тәуекел қосымша сақтандыру сыйлықақысымен төленбеген болса;
- 22) кез келген көлік құралын пайдалану нәтижесінде басталған жазатайым жағдаймен байланысты Сақтандырылушының денсаулығына залал келтіру (денсаулық жағдайының нашарлауы) немесе қайтыс болуы, егер бұл көлік құралы мұндай типтегі көлік құралдарын басқару құқына ие емес (жүргізуші куәлігі, жүргізу құқын беретін лицензия және т.б.) тұлғамен басқарылған болса, сондай-ақ Сақтандырылған тұлғаның кінәсінен орын алған жол-көлік оқиғасы жағдайында;
- 23) өзіне-өзі қасақана дене зақымдауларын (жарақаттарды) салумен байланысты, сондай-ақ өзін жөнсіз қауіп-қатерге ұшыратумен (басқа адамның өмірін құтқару әрекетін қоспағанда) байланысты Сақтандырылушының денсаулығына залал келтіру (денсаулық жағдайының нашарлауы) немесе қайтыс болуы;
- 24) алкогольдік ішімдіктерді, есірткілік құралдарды және/немесе психотропты/психрбелсенді заттарды пайдаланумен белгілері Сақтандырылушыда болған кезде, Сақтандырылушының денсаулық жағдайын нашарлату немесе қайтыс болуы. Жоғарыда аталған құралдарды және/немесе заттарды пайдаланудың жоқтығын дәлелдеу фактісі Сақтандырылушыға жүктеледі;
- 25) бедеулікті, белсіздікті емдеу, контрацепция әдістерін таңдау, жасанды ұрықтандыру;
- 26) консервативтік емдеуден басқа, медициналық көрсетілімдердің болуы кезінің өзінде; ЖРЖ (ИВР) орнатумен бірге, хирургиялық араласуды талап ететін жүректің, қан тамырларының, жүйке жүйесінің аурулары;
- 27) Шарттың қолданылу кезеңінде орын алған жазатайым жағдайлардан кейінгі қалпына келтіру және/немесе түзету бойынша жедел көрсетілімдерді қоспағанда, пластикалық хирургия, ортопедия;
- 28) алкогольден және оның суррогаттарынан, есірткілік заттардан жіті улану;

29) науқастың төсегінің жанындағы жеке пост, Сақтандырылушыны стационарда үйде немесе қонақ үйде туысқандарының немесе медициналық мейірбикенің күтімі;

### **3.2. Жедел медициналық және медициналық-көліктік көмек бойынша сақтандырумен өтелмейді:**

- 1) Сақтандырушымен белгіленген медициналық кеңесшінің пікірі бойынша жергілікті емдеуге болатын және Сақтандырылушының саяхатын жалғастыруға кедергі келтірмейтін елеусіз аурулар немесе жарақаттар жағдайында эвакуациялау/репатриациялау бойынша шығындар;
- 2) Сақтандырушымен ұйымдастырылмаған кез келген эвакуацияға және/немесе репатриацияға қатысты шығындар, сондай-ақ медициналық көрсетілімдер бойынша белгіленген жағдайларда тұрақты тұру еліне эвакуациядан/репатриациядан Сақтанушының/Сақтандырылушының ерікті бас тартуы нәтижесінде туындаған шығындар;
- 3) пластикалық және қалпына келтіру хирургиясымен, және барлық түрдегі протездеумен байланысты шығындар, тіс, көз және остеопластиканы қоса, сондай-ақ жүрекке және қан тамырларына хирургиялық араласуларға (ангиография, ангиопластика, стентирлеу, шунттау, аортокоронарлық шунттау және т.б.) ақы төлеу, жүрекке және қан тамырларына хирургиялық операцияларды немесе ангиографияны жүргізу кезінде пайдаланылатын электрокардиостимуляторларды және басқа медициналық мақсаттағы бұйымдарды (ангиографияға, ангиопластикаға және стенттеуге арналған жиынтықтар және т.б.) сатып алу бойынша шығындар, оларды жүргізуге медициналық көрсетілімдердің болуы кезінде де, органдардың және/немесе тіндердің трансплантациясы, экстракорпоральды емдеу әдістерімен пластикалық операциялар;
- 4) жалпы шоттан осы бөлімнің 3 бабы 3.2 тармағының 3 тармақшасында көрсетілген манипуляциялардың немесе медициналық бұйымдардың құнын бөлу мүмкін болмаған жағдайда, олардың құны емдеуге жатқызудың 2 (екі) күніне (операция жүргізілген күн және одан кейінгі) тең қабылданады және емдеуге жатқызу үшін қорытынды шот сомасынан шегеріледі;
- 5) көзәйнектерді, жанаспалы линзаларды, есту аппараттарын таңдап алумен, жөндеумен және сатып алумен (қамтамасыз етумен), протездік-ортопедиялық құралдарды, остеосинтезге арналған материалдарды (пластиналар, бұрандалар), бандаждарды, глюкометрлерді және басқа медициналық бұйымдар мен аппараттарды қоса, сатып алумен, сондай-ақ биологиялық-белсенді қоспаларды сатып алумен байланысты шығындар;
- 6) сөйлеудің бұзылуын емдеу; құлақ бұлығын кетіру, және құлаққа судың кіруі салдарларын емдеу шығындары;
- 7) шетелге сапарға шығу үшін, қару-жарақты алып жүру, көлік құралын жүргізу, спорттық-сауықтыру мекемелеріне бару құқына медициналық құжаттаманы ресімдеу мақсатымен тексеру шығындары;
- 8) медициналық тұрғыдан қажетті болып табылмайтын қызметтерді көрсетумен немесе дәрігермен белгіленбеген емдеумен байланысты шығындар; диагнозды қою үшін қажетті болып табылмайтын зерттеу, талдау, дәрі-дәрмектерді қабылдау және/немесе жіті ауруларды немесе сақтандыру жағдайы болып табылатын жазатайым жағдайдың нәтижесіндегі, сондай-ақ Сақтандырылушының қалауы бойынша өзгертулермен байланысты жарақаттарды емдеу шығындары (Сақтандырушымен тағайындалған дәрігердің мұндай өткір ауруларды немесе жазатайым жағдайдың нәтижесіндегі жарақаттарды емдеу кезінде пайдаланылатын медициналық технологияларды ұсынуларына қарамастан);
- 9) егер Сақтандырылушы тұлға сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтандырушымен (немесе оның тағайындалған өкілдерімен/дәрігермен) ұсынылған медициналық көмек алудан немесе ауруханаға жатқызудан бас тартқан болса, Сақтандырушы Сақтандырылушының медициналық көмек алу үшін, немесе шығындарды өтеу үшін кейінгі өтініш білдіруі кезінде, мұндай сақтандыру жағдайы бойынша сақтандыру төлемінен, немесе мұндай сақтандыру жағдайы бойынша немесе мұндай сақтандыру жағдайымен байланысты шығындарды өтеуден бас тартуға құқылы болады;
- 10) барлық түрдегі дәстүрлі емес әдістермен (халықтық медицина әдістерімен) емдеумен байланысты шығындар;
- 11) емдік массаж, ЕДШ, қолмен емдеу, инемен емдеу және гирудотерапия шығындары;
- 12) санаторлық-курорттық емдеу, санаторлық, терапевтік немесе қамқорлық күтім шығындары;
- 13) жүктілікпен (асқынуларын қоса) және жүктілікті үзумен, сондай-ақ етеккір циклының бұзылуымен байланысты шығындар;
- 14) босанумен және босандырумен байланысты шығындар;
- 15) кез келген профилактикалық тексерумен, жалпы медициналық тексерулермен, екпелермен байланысты шығындар;
- 16) 10 (он) күннен астам уақыт стационарлық жағдайларда емдеумен байланысты шығындар;
- 17) Америка Құрама Штаттарында бір іс бойынша 5 000 (бес мың) еуродан аспайтын стационарлық көмекке арналған шығындар.
- 18) әрбір бірлігі үшін 50 (елу) еуродан асатын сомаға 2 тіс бірлігінен көп жіті тіс ауруын емдеумен байланысты шығындар;
- 19) сақтандыру аумағында әдейі ем алу мақсатымен байланысты шығындар;

- 20) ЖИТС және оның салдарларын (асқынуларын) қоса, иммун тапшылығы вирустарымен байланысты шығындар немесе басқа жауапкершілік;
- 21) Сақтандырылушының кез келген елдің қарулы күштері қатарындағы әскери қызметінің нәтижесінде шеккен шығындары;
- 22) медициналық емес сипаттағы шеккен шығындар, мысалы, телефон арқылы сөйлесулер, тек сақтандыру жағдайының басталуымен негізделген Сақтандырушымен немесе Сақтандырушының өкілімен телефон/факсимильді байланыс (7 000 (он мың) теңге шегінде) жағдайларын қоспағанда;
- 23) қосымша жайлылықты берумен байланысты шығындар, атап айтқанда: 1-2 орындық палата, «люкс» типіндегі палата, теледидар, телефон, кондиционер, ылғалдандырғыш, шаштараз, массажист, косметолог, аудармашы қызметтері және т.б., сондай-ақ Сақтандырылушының қалауы/талап етуі бойынша неғұрлым қымбат клиникаға ауыстыру;
- 24) уақытша болу елінің қолданыстағы заңнамасына сәйкес Сақтандырылушыға қатысты әкімшілік жазалауды немесе қылмыстық қудалауды болдырған құқыққа қарсы іс-әрекеттерді жасаумен немесе жасау әрекетімен байланысты шығындар;
- 25) “А” және “Е” гепатитті қоспағанда, вирустық гепатит ауруларымен немесе ауруларының салдарларымен (асқынуларымен) байланысты басқа жауапкершілік, шығындар;
- 26) Сақтандырылушыны емдеумен және/немесе олардың дипломды медицина қызметкерлері болып табыла ма, оған тәуелсіз, оның туыстарымен жүзеге асырылатын оның күтімімен байланысты шығындар;
- 27) тиісті лицензиясы жоқ медициналық мекемемен (дәрігермен) қызмет көрсетумен байланысты шығындар, немесе егер медициналық көмек көрсету сәтіне лицензияның қолданылуы тоқтатылған болса;
- 28) Сақтандырылушыға медициналық көмек көрсетумен байланысты шығындар, егер мұндай көмек спорттық команданың дәрігерімен көрсетілген болса немесе жарыстарды немесе жиындарды ұйымдастырушылармен қамтамасыз етілген болса, спорттық жарыстарға және жиындарға қатысу мақсатымен шетелге сапарға бару жағдайында;
- 29) сақтандырудың қолданылу мерзімі басталғанға дейін және ол аяқталғаннан кейін орын алған жазатайым жағдайдың басталуымен жүзеге асырылған шығындар, сондай-ақ Сақтандырылушы тұрақты тұру еліне қайтқаннан кейін орын алған шығындар;
- 30) Шарттың қолданылу кезеңінде жүзеге асырылған, бірақ әскери іс-қимылдардың, басқа мемлекетпен соғыстың, аумақты басып алудың, агрессия актісінің, қарулы инциденттердің (соғыс жарияланған ба, оған тәуелсіз), азаматтық соғыстың, ереуілдің, көтерілістің, бүліктің, ереуілдің, қоғамдық тәртіпсіздіктің, әскери төңкерістің немесе билікті озбырлықпен басып алудың, саяси ұйымдардың тапсырмасы бойынша әрекет ететін немесе олармен өзара әрекет ететін топтардың немесе жеке тұлғалардың тарапынан саботаждың, үкіметтің әрекет ететін де-юре немесе де-факто немесе қандай да бір билік органына қарсы қастандықтың салдары болып табылатын шығындар;
- 31) тіркелген тасымалдаушыға тиесілі емес авто-темір жолмен жол жүрулерде және кез келген көлік құралымен әуемен ұшуларда жолаушы ретінде Сақтандырылушымен жұмсалған шығындар;
- 32) моральдық залалды, ұтылған пайданы өтеумен және тұрақсыздық төлемін төлеумен байланысты шығындар;
- 33) төтенше жағдайлармен байланысты емес тасымалдау бойынша шығындар;
- 34) COVID-19 диагностикасына арналған тест ПТР талдау шығындары;
- 35) COVID-19 ауруын амбулаториялық емдеуге арналған шығындар;
- 36) Ережелердің 2 бабының 2.1 т. көзделген оқиғалардың басталуымен байланысты емес өзге шығындар.

**4-бап. Сақтандыру жағдайының белгілеріне ие оқиғалардың басталуы кезіндегі Сақтанушының/Сақтандырылушының әрекеттері.**

4.1 Сақтандыру жағдайының белгілеріне ие оқиғаның басталуы кезінде, Сақтанушы/ Сақтандырылушы (оның өкілі) дереу, медициналық қызметтерді алғанға дейін (жедел медициналық көмек көрсетуді қоспағанда) сервис қызметіне немесе Сақтандырушыға Шартта көрсетілген телефондар бойынша медициналық және/немесе медициналық-көліктік көмекті алу үшін өтініш білдіруді және онымен байланысты шығындарды келісу үшін хабарлау қажет. Бұл ретте хабарлау керек:

- Сақтандырылушының тегі, аты;
- Шарттың нөмірі;
- орын алған жағдайлардың сипаттамасы және талап етілетін көмектің сипаттамасы;
- Сақтандырылушының орналасқан жері және кері байланыс үшін байланыс телефонының нөмірі.

4.2 Сақтандырылушының денсаулық жағдайы бойынша хабарлаудың объективті мүмкін болмауы жағдайында, Сақтанушы/Сақтандырылушы (оның өкілі) Шартта көрсетілген телефондар бойынша сервис компаниясына немесе Сақтандырушыға 12 сағат ішінде хабарлауы тиіс. Бұл ретте Сақтандырушы, орын алған



оқиганы сақтандыру жағдайы ретінде тану кезінде, төленген сомандан (төлемдерден) 70% шектерде шығындарды өтеуді жүзеге асырады.

4.3 Сондай-ақ сервис компаниясына Шарттың көшірмесін, немесе егер Шарт Сақтандырушының сайтында алынған болса, шарттың электрондық нұсқасын және Сақтандырылушының сақтандыру аумағында болу мерзімі көрсетілген парағымен төлқұжаттың көшірмесін жіберу қажет.

4.4 Сақтандыру жағдайының басталуымен байланысты Сақтанушының/Сақтандырылушының (оның өкілінің) телефон қоңырауына ақы төлеу Сақтандырушымен оған телефонмен сөйлесу деректерін ұсыну кезінде жүзеге асырылады.

4.5 Жоғарыда аталған шарттарды Сақтанушы/Сақтандырылушы орындамаған жағдайда, Сақтандырушы сақтандыру жағдайының басталуымен байланысты шығындарды өтемейді, медициналық мекемелермен және Сақтанушымен/Сақтандырылушымен есеп айырысуларды жүзеге асырмайды.

4.6 Тұрақты тұру орнына медициналық тасымалдауды ұйымдастыру үшін, жоғарыда аталғандардан басқа, келесі шарттар сақталулары тиіс:

- 1) сақтандыру жағдайының басталу күнінен бастап 3 (үш) тәулік ішінде Сақтандырылушы (оның өкілі) сервис компаниясына немесе Сақтандырушыға – емдеуші дәрігердің (немесе емхананың) тегін, атын, мекенжайы және телефон нөмірін хабарлауға міндетті;
- 2) сервис компаниясының медициналық бригадасы оның жағдайын куәландыру үшін Сақтандырылушыға еркін қол жеткізуге ие болуы тиіс. Егер бұл шарт Сақтандырылушының кінәсінен қамтамасыз етілмеген болса, онда ол аталған тәуекел бойынша медициналық көмекті алу құқынан айырылады;

#### **5-бап. Сақтандыру жағдайының басталғанын және залал мөлшерін растайтын құжаттардың тізімі.**

5.1 Сақтандырылушы сервис компаниясымен немесе Сақтандырушымен келісе отырып, медициналық қызметтер үшін қолма қол ақшамен ақы төлеген жағдайда, сақтандыру жағдайының басталуын растау ретінде Сақтанушы/Сақтандырылушы Сақтандырушыға келесі құжаттарды ұсынады:

- 1) сақтандыру жағдайының басталу жағдайларының егжей-тегжейлі сипаттамасымен сақтандыру жағдайы туралы өтініш;
- 2) Шарттың түпнұсқасы;
- 3) жеке тұлғаны куәландыратын құжаттың (төлқұжаттың, азаматтығы жоқ тұлғаның куәлігінің) көшірмесі, ЖСН;
- 4) фискалды чектердің түпнұсқалары;
- 5) тауарлық чектердің, шот-фактуралардың, төлем туралы түбіртектердің әрбір медициналық препараттың, ем-шаралардың, дәрігерлердің қабылдауларының атауын, олардың мөлшері мен құнын көрсете отырып, түпнұсқалары;
- 6) олар үшін есепшоттар берілген медициналық препараттарды қабылдауға емдеуші дәрігердің белгілеулері, ем-шаралардан өту, дәрігерлердің қабылдауы;
- 7) медициналық қорытындылардың түпнұсқалары;
- 8) мамандандырылған медициналық көлік шығындарын растайтын құжаттардың түпнұсқалары;
- 9) сервис компаниясына қоңырау шалуды растайтын құжаттар (телефонмен сөйлесу деректері);
- 10) жүзеге асырылған шығындардың мөлшерін растайтын дәлелдеме ретінде Сақтандырушыға қажетті басқа құжаттар;
- 11) құжаттардың орыс немесе мемлекеттік тілдерге нотариалдық куәдандырылған аудармасы;
- 12) сақтандыру жағдайының басталу жағдайларын, фактысын растайтын құзырлы органдардың құжаттары.
- 13) егер сақтандыру шартына COVID қосымша тәуекелі енгізілген жағдайда, сақтандыру арқылы қорғау әрекеті кезеңінде COVID-19 кезінде тесттің оң ПТР растау;

5.2 Сақтандыру жағдайлары бойынша Сақтандырылушыларға сақтандыру төлемін жүзеге асыруға өтініш Сақтандырушыға жазбаша нысанда Қазақстан Республикасының аумағына келу сәтінен бастап 5 (бес) күнтізбелік күн ішінде берілуі тиіс.

#### **6-бап. Сақтандыру төлемін жүзеге асыру тәртібі, шарттары және мерзімі.**

6.1 Егер Сақтандырылушы сервис компаниясы арқылы ұйымдастырылған медициналық қызметтерді пайдаланған болса, онда сервис компаниясы растаушы құжаттармен есепшотты Сақтандырушыға тікелей жібереді, ол шығындарды реттейді және есеп айырысуды жүзеге асырады.

6.2 Егер Сақтандырылушы шығындарды өз бетімен төлейтін болса, Сақтандырушы бұл шығындарды Ережелермен және/немесе Шартпен көзделген талаптарды сақтау кезінде өтейді.

6.3 Бұл ретте сақтандыру төлемінің есебі Шартты жасау сәтіне белгіленген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің шетелдік валюталар бағамы бойынша түбіртектер мен есепшоттардың түпнұсқаларының негізінде жасалады. Егер Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің шетелдік валюта бағамы сақтандыру төлемін жүзеге асыру күніне Шартты жасау сәтіне белгіленген бағамнан артық болатын болса, сақтандыру төлемін есептеу Шартты жасау күніне белгіленген бағам бойынша жүзеге асырылады.

6.4 Сақтандыру төлемі Сақтанушымен Шартпен көзделген құжаттардың соңғысын беру күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күнінен кеш емес жүзеге асырылады.

6.5 Сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтандырушы нақты шығындар мөлшерінде, бірақ Шартпен көзделген сақтандыру сомасынан көп емес, жауапкершілікті көтереді. Сақтандыру төлемін жүзеге асыру жағдайында, Сақтандырушы Шарттың қолданылу мерзімінің аяғына дейін Шартпен негізделген тиісті сақтандыру сомасы мен ол бойынша сақтандыру төлемдерінің сомасының арасындағы айырмашылық шегінде жауапкершілікті көтеруді жалғастырады, егер Шартпен өзге келісілмеген болса.

6.6 Егер Шарттың шарттарымен шарт қойылмайтын франшиза қарастырылған болса, барлық жағдайларда залал белгіленген соманы шегерумен өтеледі. Және егер залал мөлшері франшиза сомасынан аспайтын болса, онда сақтандыру төлемі жүзеге асырылмайды.

6.7 COVID қосымша тәуекелі бойынша сақтандыру төлемі сақтандыру шартында белгіленген лимит шеңберінде жүзеге асырылады;

6.8 Сақтандыру төлемі Пайда алушының банктік шотына ақша аудару арқылы жүзеге асырылады.

6.9 Сақтандыру төлемін уақытылы жүзеге асырмағаны үшін Сақтандырушы Сақтанушыға/Сақтандырылған адамға немесе Пайда алушыға Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 353 б. көзделген мөлшерде тұрақсыздық төлемін төлейді.

## **7-бап. Сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тарту.**

7.1. Сақтандырушы келесі жағдайда сақтандыру төлемін жүзеге асырудан ішінара немесе толығымен бас тартуға құқылы:

7.1.1. Сақтанушымен/Сақтандырылған адаммен Шарттың, Ережелердің және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының шарттарын бұзу;

7.1.2. егер Сақтанушы/ Сақтандырылған адам Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен белгіленген тәртіпте мүмкіндікке ие болған, бірақ Шартпен белгіленген мерзімде сақтандыру жағдайының себептерін сипаттарын және оның орын алған нәтижемен (салдарлармен) байланысын анықтау үшін қажетті мәліметтер мен құжаттарды бермеген, немесе қасақана жалған дәлелдемелерді берген;

7.1.3. сақтандыру жағдайының басталу ықтималдылығын арттыратын, Сақтандырушымен анықталған фактыларды жою бойынша шараларды Сақтанушымен/ Сақтандырылған адаммен қабылдамау;

7.1.4. егер Сақтанушы Шартты жасау кезінде заңнан тыс пайданы алу мақсатын қасақана көздейтін болса, оның ішінде Шартты сақтандыру жағдайы басталғаннан кейін жасау;

7.1.5. Сақтандыру шартын жасау кезінде Сақтанушымен Сақтандырушыға шынайы емес/жалған мәліметтерді ұсыну. Сонымен қатар сақтандыру төлемін төлеуден бас тарту үшін негіздеме Сақтанушымен сақтандыру шартын жасаған сәтте Сақтандырылушының орналасқан жері туралы шынайы емес мәліметтерді ұсынуы болып табылады (Қазақстан Республикасының аумағында немесе одан тыс аумақта орналасуы).

7.1.6. Қазақстан Республикасының заңнамасымен, Шартпен және Ережелермен көзделген басқа негіздер бойынша.

## **3 БӨЛІМ. ЖОЛЖҮГІН САҚТАНДЫРУ.**

### **1-бап. Сақтандыру объектісі.**

1.1 Сақтандыру объектісі Сақтандырылушының жолжүгін (бұдан әрі – «жолжүгі» немесе «мүлік») сапар кезінде, жолжүгінің сақталуы үшін жауапкершілік оны тасымалдау кезінде тасымалдаушының жауапкершілігіне өткен кезде жоғалтумен немесе зақымдаумен байланысты Сақтандырылушының мүліктік мүддесі болып табылады.

1.2 Жолжүгін сақтандыру шарттарының қолданылуы Сақтандырылушының барлық жолжүгіне таратылады, келесі мүліктерден басқа:

- 1) ақшалар, қымбат бағалы заттар, бағалы қағаздар, банктік карточкалар, дисконттық және басқа карталар;
- 2) құймалардағы қымбат бағалы металдар, жиектемесіз асыл және жартылай асыл тастар;
- 3) антиквар және бірегей бұйымдар, өнер туындылары және жинақтама заттары ( ғылыми, тарихи немесе көркем қызығушылықтарды білдіретін, және де әуесқойлық мақсатта жиналған қандай да бір біртекті заттардың (маркалардың, күнтізбелердің, белгішелердің, өсімдіктердің және т.б.) жинақтары);
- 4) жол жүру құжаттары, төлқұжаттар және кез келген құжат түрлері, слайдтар, фотосуреттер, фильм көшірмелері;
- 5) қолжазбалар, жоспарлар, сұлбалар, сызбалар, үлгілер, іскерлік қағаздар;
- 6) протездердің кез келген түрлері;
- 7) жанаспалы линзалар;
- 8) қол және қалта сағаттары;
- 9) жануарлар, өсімдіктер және тұқымдар;

10) авто-, мото-, велокөлік құралдары, әуе және су көліктерінің түрлері, сондай-ақ оларға қосалқы бөлшектер (кез келген түйіндері, бөлшектері, қосалқы бөлшектері мен керек-жарақтары);

11) діни ғұрып заттары.

1.3 Жолжүгін сақтандыру шарттарының қолданылуы спорт керек-жарақтарына да таратылады, Сақтандырылушымен оны спортпен айналысу кезінде тікелей мақсаты бойынша пайдалану жағдайларын қоспағанда.

## **2-бап. Сақтандыру жағдайы.**

2.1 Сақтандыру жағдайы ретінде нәтижесінде тіркелген, тасымалдаушының жауапкершілігіне тапсырылған жолжүгінің зақымдануы немесе жоғалуы (жоғалту, толық жойылу) орын алған кенеттен, күтпеген және қасақана емес оқиғаның нақты орын алуы танылады.

2.2 Сақтандыру жағдайы ретінде жолжүгін жоғалту немесе зақымдау фактысын анықтау сәтінен бастап 24 сағат ішінде авиажелінің, теңіз желісінің немесе басқа тасымалдаушының лауазымды тұлғаларына хабарланбаған, жол жүгін жоғалту немесе зақымдау фактысы танылмайды.

## **3-бап. Сақтандыру сомаларын анықтау тәртібі.**

3.1 Жолжүгін сақтандыру бойынша сақтандыру сомасы Сақтанушымен Сақтандырушымен келісім бойынша белгіленеді және Шартта көрсетіледі.

3.2. Полисте көрсетілген сақтандыру сомасы Сақтандырушымен полис бойынша төленуі мүмкін ең көп сома болып табылады. Полис бойынша сақтандыру сомасы әрбір мәлімделген сақтандыру жағдайы бойынша төлем сомасына азайтылады.

## **4-бап. Сақтандыруды шектеу 3-бөлімі бойынша сақтандыру жағдайларынан ерекшеліктер.**

4.1 Сақтандырумен өтелмейді:

- 1) сақтандырылған жолжүгін жеткізу кезінде кідіртумен немесе ерекше қасиеттерімен немесе табиғи сапаларымен, қалыпты тозуымен, сапасының табиғи жолмен нашарлауымен, зеңмен және кеміргіштермен байланысты болған залал немесе шығындар;
- 2) аудио-немесе бейнеаппаратураның және басқа мұндай заттардың электрлік немесе механикалық ақаулықтардан болған залал, бұл өртпен немесе мұндай заттарды тасымалдайтын автокөлік құралының, темір жол, теңіз немесе әуе кемесінің апатынан болған жағдайларды қоспағанда;
- 3) спирттік сусындардың, сондай-ақ фаянстан, фарфордан, әйнектен жасалған бұйымдардың, музыкалық аспаптардың және басқа басқа нәзік заттардың сынуы немесе зақымдануы, бұл өртпен, мұндай заттарды тасымалдайтын автокөлік құралының, темір жол, су немесе әуе кемесінің апатымен немесе ұрлаумен байланысты болған жағдайларды қоспағанда;
- 4) жолжүгінде тасымалданатын шығындалатын материалдармен, қышқылдармен, бояулармен, аэрозольдармен, дәрілермен және кез келген сұйықтықтармен келтірілген залал, сондай-ақ олардан болған залал;
- 5) мемлекеттік органдардың өкімі бойынша сақтандырылған мүлікті (жолжүгін) алу, тәркілеу, мемлекет меншігіне алу, тыйым салу немесе жою.

## **5-бап. Сақтандыру жағдайының белгілеріне ие оқиғаның басталуы кезіндегі Сақтанушының/Сақтандырылушының әрекеті.**

5.1 Сақтандыру жағдайының белгілеріне ие оқиғаның басталуы кезінде, Сақтанушы/Сақтандырылушы міндетті:

- 1) жолжүгін жоғалту немесе зақымдау фактысын анықтаған сәттен бастап 24 сағат ішінде тіркелген жолжүгі жауапкершілігінде болған тасымалдаушының, әуежайдың, авто-темір жол вокзалының лауазымды тұлғаларына хабарлауға;
- 2) өзінің тасымалдаушыға наразылықтарын тиісті жолмен ресімдеуге, жолжүгін жоғалту немесе зақымдау фактысын растайтын құжатты және жолжүгін жоғалту немесе ішінара зақымдау кезінде мүлікке келтірілген залал мөлшерін растайтын тасымалдаушының лауазымды тұлғаларынан құжатты алуға;
- 3) Сақтандырушымен сақтандыру төлемін жүзеге асыру туралы немесе сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тарту туралы шешім қабылдауға дейін зақымданған мүлікті оның сақтандыру жағдайы басталғаннан кейін түскен күйінде сақтауға, егер бұл залалдың артуына әкелмейтін болса. Сақтанушы аталған сәтке дейін Сақтандырушының алдын ала жазбаша келісімімен ғана мүлікті қалпына келтіруді/жоюды жүзеге асыруға құқылы;
- 4) Бұл Сақтанушыға қаншалықты шамада қолжетімді болуына қарай, Сақтандырушының зақымданған мүлікті тексеріп қарауға және келтірілген залал мөлшерін анықтауға қатысуын қамтамасыз етуге;
- 5) Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының себептері, барысы мен салдарлары, келтірілген залалдың сипаты мен мөлшері туралы пайымдауға мүмкіндік беретін өзіне барлық қолжетімді ақпаратты және құжаттаманы ұсынуға;

- б) Сақтандыру жағдайының басталуын, сондай-ақ олармен келтірілген залалды дәлелдеу ауыртпалығын көтеруге, оның ішінде сараптама жүргізуге, сарапшылардың оқиға орнына баруына, мамандарды тарту мен кеңес алуға (егер қажет болатын болса), қажетті құжаттарды жинауға және т.б. ақы төлеу бойынша шығындарды көтеруге.

**6-бап. Сақтандыру жағдайының басталуын және залал мөлшерін растайтын құжаттардың тізімі.**

Сақтандыру төлемі туралы өтінішке қосымша берілуі тиіс:

- 1) Шарттың түпнұсқасы;
- 2) сақтандыру жағдайының басталу фактысын растайтын құжаттардың түпнұсқалары, орыс және мемлекеттік тілдерге нотариалдық куәландырылған аудармасымен;
- 3) жолжүгін жоғалту немесе зақымдау фактысын растайтын құжат және тасымалдаушының лауазымды тұлғаларынан жолжүгін жоғалту немесе ішінара зақымдау кезінде мүлікке залал келтіру мөлшерін растайтын құжат, орыс және мемлекеттік тілдеріне нотариалдық куәландырылған аудармасымен;
- 4) жолжүгіне түбіртек;
- 5) жолжүгін жоғалту, зақымдау туралы тасымалдаушымен жасалатын акт;
- 6) Сақтанушының/Сақтандырылушының жоғалған немесе зақымданған мүлкінің тізімі;
- 7) сақтандыру жағдайының басталуы кезінде залалдарды азайту немесе алдын алу мақсатында Сақтанушымен/Сақтандырылушымен шеккен шығындарды растайтын құжаттар, - олар бар болған жағдайда;
- 8) азаматтығы жоқ тұлғаның төлқұжаты немесе жеке куәлігі, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасынан өту туралы шекаралық бақылау белгісімен;
- 9) жоғалған/зақымданған мүлікті көрсете отырып, уәкілетті органмен куәландырылған кедендік декларацияның көшірмесі;
- 10) сақтандыру жағдайының басталу жағдайларын және олармен келтірілген залалдарды анықтау үшін қажетті өзге де құжаттар.Сақтандырушының талап етуі бойынша Сақтанушы/Сақтандырылушы қосымша құжаттарды және(немесе) ақпаратты беруге міндетті, егер олардың болмауы сақтандыру жағдайының басталу фактысын, оның салдарлары мен келтірілген залал мөлшерін анықтауды мүмкін етпейтін болса.

**7-бап. Сақтандыру төлемін жүзеге асыру тәртібі, шарттары және мерзімі.**

7.1 Сақтандыру кезінде сақтандыру өтемақысын төлеу жоғалған жолжүгінің салмағының әрбір килограммы үшін 40 АҚШ доллары баламасындағы мөлшерде теңгемен жүзеге асырылады, бірақ сақтандыру сомасынан жоғары емес, егер шартпен өзге көзделмеген болса. Егер Сақтандырылушы жоғалған жолжүгі үшін өтеуді үшінші тұлғалардан алған болса, Сақтандырушы Сақтандыру шарты бойынша төленуге жататын сома мен үшінші тұлғалардан алынған соманың арасындағы айырмашылықты ғана төлейді. Сақтандыруды барлық қажетті құжаттарды алғаннан кейін 15 (он бес) банктік күн ішінде сақтандыру төлемін жүзеге асырады немесе Сақтанушыға сақтандыру төлемін жүзеге асырудан жазбаша дәлелді бас тартуды жібереді.

**4 БӨЛІМ. ШЕТЕЛГЕ САПАРДЫ КЕЙІНГЕ ҚАЛДЫРУМЕН БАЙЛАНЫСТЫ ШЫҒЫНДАРДЫ САҚТАНДЫРУ.**

**1-бап. Сақтандыру объектісі.**

Сақтандыру объектісі Сақтандырылушының Қазақстан Республикасының аумағынан тысқары сапарды жасаудың мүмкін болмауы салдарынан туындаған шығындарымен байланысты мүліктік мүдделері болып табылады.

**2-бап. Сақтандыру жағдайы**

2.1 Сақтандыру жағдайы оның басталуымен Сақтандырушыда сақтандыру төлемін жүзеге асыру міндеттемесі туындайтын, Шартпен көзделген орын алған оқиға болып табылады.

2.2 Сақтандыру жағдайы Шарттың қолданылу кезеңінде орын алған және құзырлы органдармен берілген құжаттармен расталған, төменде аталғандардың салдарынан Сақтанушының Қазақстан Республикасының шекарасынан тысқары туристік сапарға шығуының мүмкін еместігі болып табылады:

2.2.1 Сақтандырылушының немесе оның жақын туысының, сондай-ақ жұбайының Шартты жасау күнінен ерте емес және туристік жолдамада (жол жүру құжатында) көрсетілген шығу күніне дейінгі кезеңде орын алған қайтыс болуы, ауыруы, жарақат алуы, стационарда емдеу қажеттілігі шартымен;

2.2.2 Сақтандыру арқылы қорғаудың қолданылу кезеңінде орын алған, сапарға шығудың мүмкін еместігінің объективті себебі болып табылған өрттің немесе үшінші тұлғалардың құқыққа қайшы іс-әрекеттерінің салдарынан Сақтандырылушының мүлкінің зақымдануы немесе жойылуы;

2.2.3 Сақтандырылушымен әскер міндетін атқару үшін жедел шақыруды алуы.

2.3 Бұл ретте сақтандыру жағдайы болып танылады, егер сапарды кейінге қалдыру Қазақстан Республикасының аумағында орын алған болса және сақтандыру төлемі бірінші басталған сақтандыру жағдайы бойынша жүзеге асырылатын болса.

### **3-бап. Сақтандыру сомаларын анықтау тәртібі**

**3.1** Сақтандыру сомасы – Сақтандырылған адамның туристік қызметтер пакетін және/немесе жол жүру құжаттарын сатып алу бойынша нақты жұмсалған шығыстары.

### **4-бап. Сақтандыруды шектеу 4-бөлімі бойынша сақтандыру жағдайларынан ерекшеліктер.**

4.1 Сақтандырылушының Қазақстан Республикасынан шетелге туристік сапарды жасауын келесі жағдайлардың салдарынан мүмкін етпейтін жағдайлар сақтандыру жағдайлары болып табылмайды:

- 1) Сақтанушының/Сақтандырылушының қаскөйлігі немесе дөрекі абайсыздығы
- 2) Сақтандырылушының алкогольдік, есірткілік немесе уыттылық бас болуы
- 3) Сақтандырылушының өзін-өзі өлтіруі (өзін-өзі өлтіруге әрекет жасауы)
- 4) індетгер, карантиндер, метежағдайлар
- 5) туристік ұйымның таратылуы
- 6) туристік ұйымның және оның контрагенттерінің міндеттемелерін орындамаулары немесе тиісті жолмен орындамаулары
- 7) еңсерілмейтін күш немесе дүлей апаттар
- 8) Сақтанушымен (Сақтандырылушымен) сақтандыру жағдайының басталуымен тікелей себеп-салдарлық байланыста болатын құқыққа қайшы іс-әрекеттерді жасау.

4.2 Сондай-ақ Сақтандырылушыға денсаулық жағдайы бойынша және төменде аталғандардың салдарынан қарсы көрсетілетін сапарды кез келген кейінге қалдыру сақтандыру жағдайы болып табылмайды:

- 1) созылмалы аурулардың асқынулары, психикалық бұзылушылықтар немесе психикалық аурулар;
- 2) жүктілік күйі, кенеттен асқыну жағдайларынан басқа (барлық жағдайларда жүктілік мерзімі үш айдан аспауы тиіс);
- 3) жоспарлы ауруханаға жатқызу.

### **5-бап. Сақтандыру жағдайының белгілеріне не оқиғаның басталуы кезіндегі Сақтанушының/Сақтандырылушының әрекеті.**

5.1 Сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиғалардың басталуы кезінде, Сақтанушы/Сақтандырылған адам/Пайда алушы (оның өкілі) немесе оның мұрагері сақтандыру жағдайы басталған сәттен бастап 3 (үш) күнтізбелік күннен кеш емес бұл туралы сақтанлырушыға жазбаша хабарлауға міндетті. Өтініште сақтандыру жағдайының сипаты мен басталу жағдайлары көрсетілуі тиіс. Өтінішке сақтандыру жағдайының сипаттамасын анықтау үшін қажетті барлық құжаттар, сондай-ақ туристік компаниядан, көлік компаниясынан шеккен шығындар туралы куәландыратын төлем құжаттары, туристік қызмет көрсету туралы шарт (егер мұндай бар болса) қосымша берілулері тиіс.

5.2 Сақтандырылушының мүлкіне өрттің нәтижесінде залал келтіру, Сақтандырылушының мүлкіне үшінші тұлғалармен залал келтіру салдарынан Қазақстан Республикасының аумағынан тысқары сапарға шығу мүмкін болмаған жағдайда, егер мұндай мүлікке залал келтіру Сақтандырылушымен Қазақстан Республикасының аумағынан тысқары бұрын жоспарланған сапарға шығуына объективті кедергі келтіруі шартымен.

### **6-бап. Сақтандыру жағдайының басталуын және залал мөлшерін растайтын құжаттардың тізімі.**

6.1 Сақтандырылушының, сондай-ақ Ережелердің 4 бөлімінің 2 бабының 2.2. тармағында көрсетілген тұлғалардың қайтыс болуы, ауыруы немесе жарақат алуы салдарынан Қазақстан Республикасының аумағынан тысқары сапарға шығу мүмкін болмаған жағдайда, Пайда алушы Сақтандырушыға ұсынуы тиіс:

- 1) қайтыс болу туралы куәліктің нотариалдық куәландырылған көшірмесін;
- 2) ауыруы немесе денсаулығына залал келтіру туралы медициналық қорытынды;
- 3) Пайда алушының Сақтандырылушымен немесе оған байланысты Сақтандырылушы сапарды жүзеге асыра алмайтын тұлғамен туыстық байланысын растайтын құжаттар;
- 4) құзырлы органның құжаттарын;

6.2 Шарттың түпнұсқасын;

6.3 сақтандыру жағдайының басталу фактысын растайтын түпнұсқалық құжаттарды.

6.4 Сақтандырушының талап етуі бойынша Сақтанушы/Сақтандырылушы қосымша құжаттарды және (немесе) ақпаратты беруге міндетті, егер олардың болмауы сақтандыру жағдайының басталу фактысын, оның салдарларын және келтірілген залал мөлшерін анықтауды мүмкін етпейтін болса.

6.5 Сақтандырылушы Сақтандырушыға өзін немесе Сақтандырылушы оның кесірінен сапарға шыға алмайтын тұлғаны медициналық куәландыруды жүргізу мүмкіндігін беруді міндетіне алады.

#### **7-бап. Сақтандыру төлемін жүзеге асыру тәртібі мен шарттары.**

7.1 Сақтандырушы белгіленген сақтандыру сомасының шегінде Сақтандырылушының Қазақстан Республикасының аумағынан тысқары жоспарланған сапарына Сақтандырылушының шықпауымен байланысты шеккен нақты шығындарын өтейді. Шеккен шығындардың мөлшері туристік қызметтерді көрсету шартында белгіленген айыппұл санкцияларының мөлшерлемелеріне сәйкес Сақтандырылушының ұсталып қалған ақша қаражаттарының мөлшерін анықтауға мүмкіндік беретін туристік компанияның тиісті құжаттарын ұсыну кезінде анықталады.

7.2 Егер Сақтандырылушының жоспарланған сапарында ауысып отырумен (транзитпен) ұшу қарастырылған болса, сақтандыру төлемі Шарттың 7.1 т. ескерілген, 1 сапарға (бірінші ауысып отыруға дейінгі билет) ғана жүзеге асырылады.

7.3 Сақтандыру төлемі Сақтанушыдан Шартпен көзделген құжаттардың соңғысын алған күннен бастап 15 (он бес) банктік күн ішінде жүзеге асырылады.

### **5 БӨЛІМ. ШЕТЕЛДЕ БОЛУ КЕЗІНДЕ САҚТАНУШЫНЫҢ (САҚТАНДЫРЫЛУШЫНЫҢ) АЗАМАТТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІГІН САҚТАНДЫРУ.**

#### **1-бап. Сақтандыру объектісі.**

Сақтандыру объектісі сақтандыру аумағында қолданылатын заңнамамен белгіленген тәртіпте Сақтандырылушының қаскөйлік емес және қасақана емес әрекеттерінің нәтижесінде үшінші тұлғалардың (бұдан әрі – «Зардап шегушілер»/ «Пайда алушылар») мүлкіне келтірілген залалды және/немесе өміріне/денсаулығына зиянды өтеу бойынша Сақтандырылушының міндеттемесімен байланысты Сақтандырылушының мүліктік мүдделері болып табылады.

#### **2-бап. Сақтандыру жағдайы.**

2.1. Сақтандырушының Пайда алушыға сақтандыру төлемін жүзеге асыру міндеттемесі туындайтын сақтандыру жағдайы Сақтандырылушымен үшінші тұлғалардың өміріне/денсаулығына зиян келтіргені және/немесе мүлкіне залал келтіргені үшін Сақтандырылушының жауапкершілігінің басталу фактысы болып табылады, оның нәтижесінде Сақтандырылушыдан сақтандыру аумағында қолданылатын заңнаманың негізінде мұндай залалды (зиянды) өтеу міндеттемесі туындайды.

2.2. Бұл ретте Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асыру міндеттемесі берілген Шартта келісілген аумақта және берілген Шартпен келісілген кезеңде үшінші тұлғаларға Сақтандырылушымен қаскөйлік емес және қасақана емес зиян келтіру және төменде аталғандарды болдыру жағдайында ғана басталады:

2.3. үшінші тұлғалардың өміріне және (немесе) денсаулығына залал келтіру;

2.4. үшінші тұлғаларға тиесілі мүлікті зақымдау немесе жою.

2.5. Зардап шегушіге залал және зиян келтіргені үшін Сақтанушының (Сақтандырылушының) жауапкершілігінің басталу фактысы Сақтанушымен Зардап шегушінің залалды өтеу туралы талаптарын негізді деп тану және Сақтандырушымен Сақтанушының талаптарды мойындауымен келісімінің негізінде, немесе Зардап шегушіге Сақтанушымен (Сақтандырылушымен) келтірілген залалды өтеу туралы заңды күшіне енген сот шешімінің негізінде анықталуы мүмкін.

#### **3-бап. Сақтандырушымен өтелетін шығындар.**

Сапар кезінде сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтандырылушының азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру бойынша Сақтандырушы өтейді:

1) үшінші тұлғаға меншік құқында (немесе сақтандыру аумағында қолданыстағы заңнамамен көзделген басқа негізде) тиесілі мүлікті зақымдау (жою), құрту нәтижесінде Сақтандырылушымен үшінші тұлғаға келтірілген тікелей нақты мүліктік залалды мүліктің нақты құнының немесе оны қалпына келтіру (жөндеу) құнының шегінде;

2) үшінші тұлғаға келтірілген физикалық залал, келесі шектерде:

а) медициналық емдеуге қажетті шығындар мөлшерінде;

б) зардап шегушінің қайтыс болуы жағдайында оның асырауында болған тұлғалар айырылған жалақының бөлігінің мөлшерінде – зардап шегуші мерт болған жағдайда;

в) жерлеу үшін шеккен шығындардың мөлшерінде – зардап шегуші Сақтандырылушының кінәсінен қайтыс болған жағдайда.

3.2 Кез келген жағдайда сақтандыру жағдайы басталған кезде осы тармақта көзделген өтем мөлшері. Ереженің 5 бөлімінің 2 бабының 2.1 тармағы шартта белгіленген осындай шығыстардың мөлшері бойынша сақтандырушының орнын толтыру лимитінен аспауы тиіс.

Бұл ретте Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асыру міндеттемесі Сақтандыру шартына келісілген аумақта және оның тұрақты тұрғылықты жерінен тысқары болуы кезінде (сақтандыру шартында келісілген) Сақтандырылушымен үшінші тұлғаларға қаскөйлік емес және қасақана емес залал келтіруі жағдайында ғана басталады.

#### **4-бап. Сақтандыру қорғау бойынша ерекшеліктер.**

##### **4.1. Сақтандыру қорғанысы мыналарды қамтымайды:**

- 1) Сақтандыру сомасының мөлшерінен асатын немесе сақтандыру шартымен көзделмеген залалды өтеу туралы кез келген талаптарға;
- 2) Сақтандыру шартын жасау кезінде белгіленетін сақтандыру аумағынан тысқары келтірілген залалды өтеу туралы талаптарға;
- 3) қасақана залал келтірген Сақтанушының/Сақтандырылушының талаптарына. Қасақана залал келтіруге, оның барысында ықтимал залал келтіру жеткілікті жоғары ықтималдылықпен күтілетін және мұндай әрекеттер үшін жауапты тұлғамен саналы түрде жол берілетін іс-әрекеттерді жасау немесе әрекетсіздік теңестіріледі.
- 4) ядролық жарылыстың, ядролық реакцияның, радиоактивті немесе басқа зақымданудың, радиоактивті ластанудың, сәулеленудің және ядролық отынды пайдаланумен байланысты қызметтің басқа салдарларының, сондай-ақ кез келген қоршаған ортаны ластаудың нәтижесінде залалды өтеу туралы кез келген талаптарға;
- 5) абырой мен қадір-қасиетті қорғау туралы қуынымдарға немесе кез келген талаптарға, шындыққа сәйкес келмейтін және азаматтардың, ұйымдардың немесе өзге тұлғалардың беделіне залал келтіретін мәліметтерді таратумен келтірілген залалды өтеу туралы басқа осындай талаптарға;
- 6) Сақтанушының (Сақтандырылушының) болу елінің немесе Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен белгіленген келесі аталғандарды пайдаланумен немесе басқалай қолданумен байланысты кез келген талаптарға: ұшақтарды, тікұшақтарды немесе басқа басқарылатын немесе басқарылмайтын ұшатын объектілерді; теңіз немесе өзен кемелерін немесе басқа жүзетін объектілерді; ресми тіркеу шартымен қоғамдық жолдар бойынша қозғалыс жасауға рұқсат етілетін және мемлекеттік нөмір белгілері болуы тиіс авто- және мотокөлік құралдарын;
- 7) жауапкершіліктері бір біріне қатысты бір сақтандыру шарты бойынша сақтандырылған тұлғалармен қойылатын талаптарға (оның ішінде Сақтанушының және Сақтандырылушылардың талаптарына);
- 8) соғыспен немесе әскери іс-қимылдармен, соғыс жарияланған ба немесе жоқ па, оған тәуелсіз, азамат соғысымен, көтеріліспен, ереуілмен, халықтық толқулармен, миналардың, бомбалардың, басқа соғыс қаруларының әсерімен, әскери жасақтардың немесе лаңкестердің, қандай да бір саяси ұйымдардың және олармен байланысты әрекет ететін тұлғалардың әрекетімен, мемлекеттік органдардың және қандай да бір саяси ұйымдардың жарлығы бойынша мүлікті тәркілеумен, мемлекет меншігіне алумен, тыйым салумен, жоюмен немесе зақымдаумен байланысты келтірілген залалды өтеу туралы кез келген талаптарға;
- 9) венерологиялық ауруды және/ немесе ЖИТС жұқтырудың салдары болып табылған талаптарға;
- 10) Сақтанушының (Сақтандырылушының) төлем қабілетсіздігінің салдарынан туындайтын кез келген қуыным талаптарына;
- 11) айыппұлдарды салу, тұрақсыздық төлемдерін және басқа санкцияларды өндіру (ол азаматтық, әкімшілік, қылмыстық немесе шарттық болсын) салдарынан шеккен залалдарға;
- 12) моральдық залалды өтеу туралы талаптарға;
- 13) сақтандыру шартының қолданылуының басталу күніне Сақтанушыға (Сақтандырылушыға) белгілі болған, немесе Сақтанушы (Сақтандырылушы) олардың өзіне қатысты қуыным талаптарын қоюға әкелуі мүмкін екенін алдын ала білуі тиіс болған фактымен, жағдаймен, оқиғалармен, қатемен немесе сақтандыру жағдайымен байланысты туындайтын қуыным талаптарына;
- 14) алкогольдік, есірткілік құралдарды немесе басқа еліткіш заттарды пайдаланудан немесе дәрілік препараттарды медициналық емес мақсаттарда қолданумен болған кез келген түрдегі мас болу күйіндегі Сақтанушының (Сақтандырылушының) әрекетімен немесе әрекетсіздігімен келтірілген залал немесе зиян;
- 15) зияткерлік меншік құқын бұзушылықпен байланысты залалды өтеу туралы талаптар;
- 16) үшінші тұлғалардың жанама шығындарына, оларға жатады: сақтандыру жағдайының нәтижесінде өндірістің, қызметтің және т.б. тоқтап қалуынан болған шығындардың артуы және кірістердің жоғалуы;

- 17) сауда, кәсіби немесе іскерлік қызметті жүргізу үшін Сақтанушыға (Сақтандырылушыға) сенімхат бойынша тиесілі немесе оның қамқорлығына немесе басқаруына тапсырылған мүлікті зақымдауға немесе жоғалтуға;
- 18) Сақтанушының (Сақтандырылушының) келісім немесе шарт бойынша кәсіби қызметін жүзеге асырумен байланысты залалға;
- 19) Сақтандырылған тұлғаның еңбек немесе азаматтық-құқықтық шарт бойынша кәсіби (еңбек) қызметін жүзеге асыруға;
- 20) атмосфераның, судың немесе топырақтың ластануы немесе қоршаған табиғи ортаның басқа да ластануы нәтижесінде тікелей немесе қосымша, немесе ішінара туындайтын кез келген түрдегі жауапкершілікке;
- 21) Сақтандырылушының өзінің отбасы мүшелеріне қатысы бойынша кез келген ішкі отбасылық қатынастарға;
- 22) Сақтандырылушыға және оның отбасы мүшелеріне тиесілі мүлікті зақымдаумен немесе жоғалтумен.

**5-бап. Сақтандыру жағдайының белгісі бар оқиғалардың басталуы кезіндегі Тараптардың әрекеттері.  
Сақтандыру төлемін жүзеге асыру тәртібі.**

5.2 Сақтандыру өтемақысын төлеу үшін Сақтанушы Сақтандырушыға келесі құжаттарды береді:

- 1) Сақтандырушымен белгіленген нысанда сақтандыру өтемақысын төлеуге өтініш;
- 2) Шарттың түпнұсқасы;
- 3) Сақтанушыға немесе Сақтандырушыға қатысты, үшінші тұлғаларға өтеу жауапкершілігін белгілейтін, сақтандыру жағдайының басталуымен байланысты өтелуге жататын сомалардың мөлшерінен тұратын сот органының шешімі.

5.3 Сақтандырушының талап етуі бойынша Сақтанушы/Сақтандырылушы қосымша құжаттарды және(немесе) ақпаратты беруге міндетті, егер олардың болмауы сақтандыру жағдайының басталу фактысын, оның салдарлары мен келтірілген залал мөлшерін анықтауды мүмкін етпейтін болса.

5.4 Егер сақтандыру жағдайы басталған сәтте Сақтанушының азаматтық жауапкершілігі басқа да сақтандыру ұйымдарында сақтандырылған болса, Сақтандырушы Сақтанушымен жасалған барлық аталған азаматтық жауапкершілікті сақтандыру шарттары бойынша міндеттемелердің жалпы сомасына онымен жасалған шарт бойынша жауапкершілік лимитіне қатысты пропорционал мөлшерде ғана сақтандыру өтемақысын төлейді.

5.5 Келтірілген залал басқа тұлғалармен өтелген жағдайларда, Сақтандырушы сақтандыру шарты бойынша өтелуге жататын сома мен басқа тұлғалармен өтелген соманың арасындағы айырмашылықты ғана төлейді.

5.6 Сақтандыру төлемі Сақтанушымен барлық құжаттарды бергеннен кейін және сақтандыру жағдайының басталуын растайтын, залал себептері мен мөлшері фактысы туралы барлық мәселелерді реттеу шартымен 15 жұмыс күніне дейін мерзімде жүзеге асырылады.

**6-БӨЛІМ. ТӨЛҚҰЖАТТЫ ЖОҒАЛТУ НЕМЕСЕ ҰРЛАТУ ЖАҒДАЙЫНА САҚТАНДЫРУ.**

**1-бап. Сақтандыру объектісі.**

1.1. Сақтандыру объектісі Сақтандырылушы Қазақстан Республикасынан тысқары болған кезде сапар кезеңінде Сақтандырылушының төлқұжатын жоғалтуымен байланысты Сақтандырылушының мүліктік мүддесі болып табылады.

1.2. Берілген бөлімнің қолданылуы тікелей Сақтандырылушыға таратылады.

**2-бап. Сақтандыру жағдайы.**

2.1. Сақтандыру жағдайы ретінде нәтижесінде Сақтандырылушының төлқұжатын жоғалтуы немесе жоғалуы орын алған кездейсоқ, алдын ала күтпеген және қасақана емес нақты орын алған оқиға танылады.

2.2. Сервис компаниясына (ассистанс) немесе Сақтандырушыға ол туралы хабарланбаған төлқұжатты жоғалту немесе жоғалу фактысы сақтандыру жағдайы ретінде танылмайды.

**3-бап. Сақтандыру сомасын анықтау тәртібі**

3.1. Төлқұжаттың жоғалуын сақтандыру кезінде сақтандыру сомасы Сақтандырылушының төлқұжатты жоғалтуымен байланысты шеккен нақты шығындарынан аспайды.

3.2. Сақтандырушымен Қазақстан Республикасының немесе Қазақстан Республикасының азаматтарына консулдық көмек көрсететін басқа елдің жақын маңдағы Елшілігіне/Консулдығына дейін сапармен байланысты көлік шығындары өтеледі. Бұл ретте сақтандыру төлемі 300 (үш жүз) Еуро шамасында жүзеге асырылады.



#### **4-бап. Сақтандыру жағдайларынан ерекшеліктер. Сақтандыру шектеулері**

##### **4.1. Сақтандырумен өтелмейді:**

4.1.2. Тозумен, сапасының табиғи нашарлауымен, зеңнен және кеміргіштерден болған зақымданулармен болған залал немесе шығындар;

4.1.3. Қазақстан Республикасының аумағында да, және де сақтандыру аумағында уәкілетті лауазымды тұлғалардың және мемлекеттік органдардың өкімі бойынша төлқұжатты алу, тәркілеу, мемлекеттің меншігіне алу.

4.1.4. Сақтандырылушы құжаттың ұрлану немесе жоғалу фактысы туралы құжаттың жоғалуын немесе ұрлануын анықтау сәтінен бастап 24 сағат ішінде полицияға хабарламаса және оны растау ретінде полиция хаттамасына ие болмаса.

#### **5-бап. Сақтандыру жағдайының белгілеріне ие оқиғаның басталуы кезіндегі Сақтанушының/Сақтандырылушының әрекеті.**

Сақтандыру жағдайының белгісіне ие оқиға басталған кезде, Сақтанушы/Сақтандырылушы төлқұжатты жоғалту, жоғалу фактысын анықтау сәтінен бастап 24 сағат ішінде сервис компаниясына (ассистанс) немесе Сақтандырушыға хабарлауға міндетті;

Бұл ретте келесі ақпаратты хабарлау керек:

- Сақтандырылушының тегі, аты;
- Шарттың нөмірі;
- орын алған жағдайлардың сипаттамасы және талап етілетін көмектің сипаттамасы;
- Сақтандырылушының орналасқан жері және кері байланыс үшін байланыс телефонының нөмірі.

#### **6-бап. Сақтандыру жағдайының басталуын және залал мөлшерін растайтын құжаттардың тізімі.**

Сақтандыру төлемі туралы өтінішке қосымша берілуі тиіс:

- 1) Шарттың түпнұсқасы;
- 2) сақтандыру жағдайының басталу фактысын растайтын құжаттардың түпнұсқалары, орыс және мемлекеттік тілдерге нотариалдық куәландырылған аудармасымен;
- 3) төлқұжатты жоғалту фактысын растайтын құжат және төлқұжатты жоғалтумен байланысты шыққан шығындардың мөлшерін растайтын құжат;
- 4) сақтандыру жағдайының басталуы кезінде шығындардың алдын алу немесе азайту мақсатында Сақтанушымен/Сақтандырылушымен шеккен шығындарды растайтын құжаттар, - олар бар болған жағдайда.
- 5) Сақтандыру жағдайының басталу жағдайларын және олармен келтірілген залалды анықтау үшін қажетті басқа да құжаттар. Сақтандырушының талап етуі бойынша Сақтанушы/Сақтандырылушы қосымша құжаттарды және(немесе) ақпаратты беруге міндетті, егер олардың болмауы сақтандыру жағдайының басталу фактысын, оның салдарларын және келтірілген залал мөлшерін анықтауды мүмкін етпейтін болса.

#### **7-бап. Сақтандыру төлемінің мөлшері**

7.1. Сақтандырылушының мүлкіне залал келтірілгені үшін сақтандыру төлемі Сақтандырылушымен жүзеге асырылған шығындардың мөлшерін растайтын құжаттардың негізінде нақты залал мөлшерінде жүзеге асырылады, бірақ Шартпен белгіленген сақтандыру сомасынан көп емес.

сенімді | надежное  
сактандыру | страхование

Прошнуровано пронумеровано

Количество листов: 24

Подпись: [Signature]

